# SARYARQA

15 qańtar
2021 jyl

Saryarqa.info

ЖЕЗҚАЗҒАН АЙМАҚТЫҚ ГАЗЕТІ • 1973 ЖЫЛҒЫ 13 СӘУІРДЕН ШЫҒАДЫ

№2 (8214)



ÁLEÝMET — 2021 ЖЫЛДЫҢ БАСТЫ ӨЗГЕРІСТЕРІ — 3-бет

QOǴAM — САРЫКЕҢГІР, ТАЛАП СЕЛОЛЫҚ ОКРУГІ ӘКІМДЕРІНІҢ ЕСЕБІ — 5-бет

RÝHANIAT — СИРИЯДАН ҚАЙТҚАН КЕЛІНШЕК — 6-бет

ÁR TARAPTAN — БАҒДАРЫ АНЫҚ БІЛІМ ОРДАСЫ — 8-бет


САЙЛАУ – 2021

## ТАҢДАУ ЖАСАЛДЫ

***10 қаңтарда өткен ҚР Парламент Мәжілісі мен түрлі деңгейдегі мәслихат депутаттары сайлауына жезқазғандықтар да белсене қатысты. Әр сайлау учаскесінде үміткерлердің сенімді тұлғалары мен бақылаушылар болды. Олар сайлаудың әділ әрі ашық өтуін қадағалады. Олардың тарапынан сайлау учаскелерінің жұмысына қатысты ешбір ескерту түспеді. Сонымен бірге, сайлау учаскелерінде карантин шектеуіне байланысты енгізілген санитарлық талаптар толығымен сақталғанын да айта кеткен жөн.***





Мәжіліс пен облыстық мәслихат сайлауына еліміздің бес партиясы «Ақжол», «Ауыл», «Nur Otan», «ADAL» және «Қазақстан халық партиясы» қатысса, Жезқазған қалалық мәслихаты депутаттығына кандидаттар «Ақ жол», «ADAL», «Nur Otan» және «Қазақстан халық партиясынан» ұсынылды. Сайлаудың қорытындысы бойынша еліміздің көшбасшы партиясы «Nur Otan» басым дауыспен жеңіске жетті. 71,09 пайыз жинаған партияға 5 148 074 сайлаушы дауыс берген. Дауыс саны бойынша екінші орынға Қазақстанның демократиялық партиясы «Ақ жол» жайғасты. Оған 792 828 қазақстандық сенім артса, «Қазақстан Халық партиясын» 659 019 азамат қолдаған. «Ауыл» партиясы 383 023 дауыс жинаса, «Адалға» 258 618 дауыс берілген. Осылайша, «Сайлау туралы» Конституциялық заңның 97-1-бабына сәйкес депутаттық мандаттарды бөлу кезінде Мәжіліске «Nur Otan» партиясынан 76, «Ақ жол» партиясынан 12, «Қазақстан Халық партиясынан» 10 кандидат ұсынылды. Жалпы, Мәжілістегі «Nur Otan» партиясы фракциясының құрамы 70 пайызға жаңарды.

Қарағанды облыстық мәслихатына «Nur Otan» партиясынан сайланған 29 кандидаттың тізімінде жерлестеріміз Бауыржан Шыңғысов пен Бекзат Алтынбековтің де аталуы – үлкен олжа.

Жезқазған қаласында 61053 сайлаушы бар болса, оның 68,47 пайызы немесе 41809-ы сайлау учаскесіне келіп, дауыс берген. Сайлаушылардың дауыс беру нәтижесі келесідей: Қазақстан Халық партиясы – 3099 дауыс (7,8 пайыз), «Nur Otan» партиясы – 32814 дауыс (82,8 пайыз), Қазақстанның «Ақ жол» демократиялық партиясы – 3127 дауыс (7,9 пайыз), «ADAL» саяси партиясы – 613 дауыс (1,5 пайыз). Мандаттарды бөлу кезінде «Nur Otan» партиясына 11, «Ақ жол» мен «Қазақстан Халық партиясына» бір-бір мандаттан бұйырды.

Сәрсенбі күні «Nur Otan» партиясы Жезқазған қалалық филиалы Саяси кеңес Бюросының отырысы өтіп, қалалық мәслихат депутаты ретінде тіркеу үшін аумақтық сайлау комиссиясына партиялық тізімнен 11 кандидат ұсынылды.

Жезқазған қаласының VII шақырылған мәслихаты құрамына Светлана Серікбайқызы Жумкина, Ерлан Теміруһлы Кенжебеков, Тұрсынай Шахмұратқызы Ибадатова, Виктор Юрьевич Сотников, Мұрат Ерболатұлы Бөрібаев, Нұркен Серікжанұлы Ғабдулуахитов, Советбек Тұрсынұлы Медебаев, Арман Қуандықұлы Кенжебеков, Саят Сәбиұлы Балмағанбетов, Амангелді Сембайұлы Әлімжан, Дархан Қабылдашұлы Мұхан енді.

**Өз тілшіміз**

«ӘКІМ САҒАТЫ»

## ЕЛУ АУЛА АБАТТАНДЫРЫЛАДЫ

***Жезқазған қаласының әкімі Қайрат Әбсаттаров 2021 жылдың алғашқы тікелей эфирін өткізді. «Еліміз үшін маңызды кезең сайлауға қатысып, азаматтық көзқарастарыңызды білдіргендеріңізге алғыс білдіремін» деген қала басшысы «Әкім сағаты» жобасы аясында тұрғындардың өтініш-тілектерін тыңдады.***

Әлеуметтік желі арқылы әкіммен тікелей байланысқа шыққан жезқазғандықтардың басым бөлігі әдеттегідей коммуналдық салаға қатысты сауалдарын жолдады. Бүгінде көпшілікті жөндеуі ұзаққа созылған көпір мен қалаішілік тасымалды жүзеге асыратын қоғамдық көліктердің жағдайы мен уақыт интервалы , көше мен аулалардың қоқыстан, қардан тазартылмауы, пәтерлердегі жылудың аздығы алаңдатады. Қаңғыбас ит пен мысықтың, жарықтандырудың мәселесін көтергендер де баршылық. Уақыт тапшылығына байланысты сұрақтардың бәріне бірдей жауап беру мүмкін емес. Дегенмен, эфирге қатысқан мемлекеттік мекеме мен кәсіпорын басшылары өздеріне тиісті сауалдарға жауап беруге тырысты. Мысалы, желіге қосылған қала әкімінің орынбасары Қайрат Бапанов «бүкір» көпірдегі жөндеу 30 қаңтарда аяқталуы тиіс десе, «СәтТазалық» ЖШС өкілі Жамбыл, Исаев көшесінде жиналып қалған қоқысты шығаруға уәде етті. Вокзал мен әуежай бағытындағы қозғалыстың қиындауына себепкер болған көпірдің жөндеуіне қатысты қала әкімі:

– Қазіргі таңда көпірде бетон төсеме құю жұмыстары аяқталды. Автокөлік қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз етуге арналған қисық білеу орнатылуда. Бұған көп уақыт кетпейді. Содан кейін көпірді пайдалануға береміз. Абаттандыру жұмыстарын жазғы уақытта жалғастыратын боламыз. Ең бастысы жөндеу жұмыстарының мүлдем тоқтап қалуына жол берілмеді. Көпірдің ашылуына күш-жігерімізді салып жатырмыз, – деп түсініктеме беріп, шағым көп айтылатын қоғамдық көліктерге қатысты пікірін білдірді.

Бүгінде қала ішіндегі жолаушылар тасымалдайтын автобустардың жағдайы мәз емес. «Салдыр-гүлдір» еткен ескі көлік аялдамаға уақытылы келмейтіні тағы бар. Қақаған қыста дірдек қаққан тұрғындардың мәселесі алдағы күндері оң шешімін тауып қалмақшы. «Көлікті жаңалап, желідегі автобустардың санын көбейту мүмкін болмай отыр» деп ақталатын тасымалдаушыларға мемлекет тарапынан берілетін субсидия көлемі арнайы комиссияның қарауына берілмек. Жыл басынан бері субсидияның аздығын айтып екі жеке кәсіпкер жолаушы тасымалынан бас тартқан.

Онлайн кездесу барысында 2021 жылы Жезқазғанның 50 ауласын абаттандыруға қаржы бөлінгені, жыл сайын тұрғын үй салуды 5 мың шаршы метрге арттыру жоспарланғаны да айтылды. Хабарды қуанышпен қабылдаған желі қолданушылары «біздің үйдің ауласын жөндесеңіздер» деп шырайы қашқан аулалардың мекенжайын жазып жатты. Тікелей эфирде айтылған әрбір ұсыныс қаралып, әр қойылған сұраққа жауап берілетініне сендірген Қайрат Әбсаттаров Батыс ауданның жарық пен кәріз желісін тарту, Байқоңыров, Шевченко мен Абай көшелеріндегі ескі үйлердің орнына жаңа тұрғын үй тұрғызу жоспарларымен де бөлісті.

**Диана ОРАЗАЛИНА**

### Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 5 ақпандағы «Орталық атқарушы органдар басшыларының, әкімдердің, ұлттық жоғары оқу орындары ректорларының халыққа есеп беру кездесулерін өткізу туралы» №190 Жарлығына сәйкес 2021 жылдың 3 ақпанында Қарағанды облысы Жезқазған қаласы әкімінің тұрғындармен есеп беру кездесуі өтеді

| № п/п | Қаланың, селоның атауы | Әкімнің аты, жөні, тегі | Өткізілетін күні мен уақыты | Кездесу өтетін орны |
|---|---|---|---|---|
| | Жезқазған қаласы | Қайрат Бектайұлы Әбсаттаров – қала әкімі | 3.02.2021 ж. | С. Қожамқұлов атындағы қазақ музыкалық-драма театры, Сәтбаев көшесі, 1, сағ.15:00 |

Жезқазған қаласы әкімінің тұрғындар алдында есеп беру кездесулері кезеңінде халықтың ұсыныстарын, ескертулері мен пікірлерін жинау мақсатымен төмендегі мекенжайларда 2021 жылдың 3 қаңтарынан бастап жәшіктер қойылды:

**Бейбітшілік даңғылы, 45, «Самади» дүкені.**
**Пушкин көшесі, 5, «Юникс» дүкені.**
**Абай көшесі, 93, «Самади» дүкені.**
**Марғұлан көшесі, 29 а, «Самади» дүкені.**
**Кеңгір селосы, Әуезов көшесі, 27, «ULY DALA» гипермаркеті.**

Жезқазған қаласы әкімінің кездесуі қарсаңында *(2021 жылдың 3 қаңтарынан бастап жұмыс күндері дүйсенбіден жұмаға дейін сағат 09.00-ден 13.00-ге дейін, 14.30-дан 18.30-ға дейін)* **«Жедел желі»** жұмыс істейді. Талап-тілектеріңіз бойынша көрсетілген телефонға хабарласуға болады: **8-/710 2/-73-66-08.**

**Жезқазған қаласы әкімінің аппараты**

### Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 5 ақпандағы «Орталық атқарушы органдар басшыларының, әкімдердің, ұлттық жоғары оқу орындары ректорларының халыққа есеп беру кездесулерін өткізу туралы» №190 Жарлығына сәйкес 2021 жылдың қаңтардың 26 мен 29 аралығында Кеңгір, Талап, Малшыбай селолары әкімдерінің тұрғындармен есеп беру кездесулері өтеді

| № п/п | Қаланың, селоның атауы | Әкімнің аты, жөні, тегі | Өткізілетін күні мен уақыты | Кездесу өтетін орны |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Кеңгір селосы | Қанағат Байжанұлы Жанпейісов – село әкімі | 26.01.2021 ж. | Кеңгір селосының клубы, акт залы, сағат 11:00 |
| 2 | Талап селосы | Ғабид Елтіндіұлы Битенов – село әкімі | 27.01.2021 ж. | Талап селосы №14 орта мектебінің акт залы сағат 11:00 |
| 3 | Малшыбай селосы | Ерғазы Егізтайұлы Аянбаев – село әкімі | 29.01.2021ж. | Малшыбай селосының клубы, акт залы, сағат 11:00 |

Кеңгір, Талап, Малшыбай селолары әкімдерінің тұрғындар алдында есеп беру кездесулері кезеңінде халықтың ұсыныстарын, ескертулері мен пікірлерін жинау мақсатымен төмендегі мекенжайларда 2020 жылдың 26 - 29 желтоқсан аралығында жәшіктер қойылды:

**1. Кеңгір селосы Школьная көшесі 2, № 2 ОМ.**
**2. Талап селосы, Молодежная көшесі, 21, №14 ОМ.**
**3. Малшыбай селосы, №15 НМ.**

Жезқазған қаласы әкімінің кездесуі қарсаңында *(2020 жылдың 26 желтоқсанынан бастап жұмыс күндері дүйсенбіден жұмаға дейін сағат 09.00-ден 13.00-ге дейін, 14.30-дан 18.30-ға дейін)* **«Жедел желі»** жұмыс істейді. Талап-тілектеріңіз бойынша көрсетілген телефонға хабарласуға болады: **8-/710 2/-73-66-08.**

**Жезқазған қаласы әкімінің аппараты**

## SARYARQA-АҚПАРАТ

### ҚАЗАҚСТАНДА КАРАНТИН ТАЛАПТАРЫ КҮШЕЙТІЛУІ МҮМКІН

***ҚР Денсаулық сақтау вице-министрі – Бас мемлекеттік санитар дәрігер Ерлан Қиясов ел тұрғындарына үндеу жасап, карантиндік шаралар күшейтілуі мүмкін екенін мәлімдеді.***

Оның айтуынша, соңғы айда Қазақстанның бірнеше өңірінде COVID-19 науқастары көбейді. ҚР «жасыл» аймақтан «сары» аймаққа ауысты.

– Соңғы айда Атырау облысында науқастардың 3,7 есеге өсуі байқалады. Алматы облысында – 1,8 есеге, Қарағанды облысы мен Алматы қаласында – 1,5 есеге өскен. Маңғыстау облысында – науқастар саны 81-ден 315 жағдайға дейін, Түркістан облысында – 102-ден 256 жағдайға дейін, Шымкент қаласында 150-ден 195 жағдайға дейін, Қызылорда облысында 48-ден 135 жағдайға дейін өсу байқалады. Қалыптасқан эпидемиологиялық жағдайды ескере отырып, бүгінгі күні халықтың көп жиналуын азайтуға бағытталған карантиндік шараларды күшейту қарастырылып жатыр, – деді Ерлан Қиясов Орталық коммуникациялар қызметінде өткен брифингте.

Сонымен бірге, бас санитарлық дәрігер қазақстандықтарға үндеу жасады.

– Азаматтардың сақтық шараларына немқұрайлы қарауының салдарынан елімізде эпидемиологиялық жағдай нашарлады. Сондықтан, қонаққа бармауға және қонаққа шақырмауға, жеке гигиена және респираторлық гигиена ережелерін сақтауға, қоғамдық орындарда әлеуметтік арақашықтықты сақтауға, медициналық маска тағуға, антисептиктер қолдануға шақырамын, – деді Ерлан Қиясов.

Бұған дейін Ерлан Қиясов Православ дініндегі Крещение мерекесі қалай өтеді деген сұрақтарға жауап берген еді. Сонымен бірге, британдық коронавирус штаммы Қазақстанда тіркелген жоқ.

### ҮШ МЫҢНАН АСТАМ ЕРІКТІГЕ QAZCOVID-IN ВАКЦИНАСЫ САЛЫНДЫ

***Үш мыңнан астам еріктіге QazCovid-in вакцинасы салынды. Бұл туралы ҚР ДСМ Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитеті төрағасының орынбасары Нұрлыбек Асылбеков айтып берді.***



– Қазақстандық QazCOVID-in вакцинасының клиникалық зерттеулері бойынша бірінші және екінші фаза жүріп жатыр. Жақсы нәтиже көрсеткен аралық қорытындылар да көрсетілді. Үшінші кезең бойынша 25 желтоқсанда клиникалық зерттеу басталды. 11 қаңтарда 3 мың еріктінің барлығына вакцина салынды. Қазір олар зерттеушілердің тұрақты бақылауында. Әзірге басқа дерек жоқ. Жақында соңғы еріктілерді вакцинациялау аяқталды, – деді Н. Асылбеков Орталық коммуникациялар қызметінде өткен брифингте.

Сонымен бірге, спикер коронавирусқа қарсы ресейлік вакцина бойынша жұмыстарды баяндады. Ақпан айының соңына қарай вакциналар партиясы қолжетімді болуы мүмкін.

– «Спутник V» бойынша тәжірибелік партия әзірленді. Бұл партия технологиялық процеске сәйкес, Ресейдегі Гамалея институтының бақылауына жіберілді. Бақылау әлі жүріп жатыр. Оның бақылауы мен сапасына рұқсат беретін нормативтік құжаттарға сәйкес, бір ай жүргізіледі. Бүгінгі күнге дейін нәтижелері әлі келген жоқ. Вакцинациялау мүмкіндігі бойынша, егер оң нәтиже байқалса, Қарағанды фармацевтикалық кешені шығарады. Ақпан айының соңында вакциналауға арналған вакциналар партиясы болады деп үміттенеміз, – деді Нұрлыбек Асылбеков.

### МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕР 2021 ЖЫЛЫ ҚАНДАЙ ДЕКЛАРАЦИЯ ТАПСЫРУЫ КЕРЕК

***2021 жыл елімізде жалпыға бірдей декларациялауды енгізудің бірінші кезеңінің басы болмақ. ҚР ҚМ Мемлекеттік кірістер комитетінің баспасөз қызметі мемлекеттік қызметшілердің ағымдағы жылы қандай декларацияны тапсыруы керектігін түсіндірді.***



Жалпыға бірдей салықтық декларациялау енгізілгенге дейін мемлекеттік қызметшілер, оларға теңестірілген адамдар, олардың жұбайлары жыл сайын мемлекеттік кірістер органдарына 230.00 нысаны бойынша табыстары мен мүлкі туралы декларацияларды табыс ететін.

Алайда, 2021 жылғы 1 қаңтардан бастап табыстары мен мүлкі туралы декларацияны (230.00-нысан) ұсыну бойынша талаптар тоқтатылады.

Бұл 2021 жылы аталған тұлғалардың 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша активтері мен міндеттемелерін көрсете отырып, 250.00-нысандағы активтер мен міндеттемелер туралы декларацияны ұсыну міндеттемесінің туындауына байланысты.

Декларация тұрғылықты жері (келу орны) бойынша:

– қағаз нұсқада тапсырылған жағдайда – 2021 жылғы 15 шілдеден кешіктірмей;

– электронды түрде тапсырылған жағдайда – 2021 жылғы 15 қыркүйектен кешіктірілмей тапсырылуы тиіс.

2020 жылы мүліктік табысты, Қазақстан Республикасынан тыс жерлердегі көздерден табысты және Салық кодексінің 363-бабында көзделген өзге де кірістерді алған жағдайда аталған тұлғалар орналасқан (тұрғылықты) жері бойынша салық органына жеке табыс салығы бойынша декларацияны (240.00-нысан) табыс ететінін ескеру қажет. Бұл декларацияны тапсыру мерзімі – 2021 жылғы 31 наурыз. 2022 жылдан бастап мұндай кірістер 270.00- нысандағы декларацияда көрсетіледі.

Егер жеке тұлға қателесіп, 2020 жылға арналған 230.00-нысандағы декларацияны тапсырса, онда мұндай декларация кері қайтарылып алуы тиіс.

Еске сала кетейік, ағымдағы жыл елімізде жалпыға бірдей декларациялауды енгізудің бірінші кезеңінің басы болады, деп хабарлады ҚР ҚМ Мемлекеттік кірістер комитетінің баспасөз қызметі.

Салық Кодексінде жалпыға бірдей декларациялауды төрт кезеңмен жүзеге асыру қарастырылған. Бірінші кезеңде (2021 жылғы 1 қаңтардан бастап):

– жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдар мен олардың жұбайлары (зайыптары); – мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген және оларға теңестірілген адамдар, сондай-ақ, олардың жұбайлары (зайыптары);

– «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы Қазақстан Республикасының Конституциялық Заңына және «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы», «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы», «Сақтандыру қызметі туралы», «Бағалы қағаздар рыногы туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес табыс ету міндеті жүктелген адамдар декларация тапсыруға міндетті.

***2020 жылдың трендтерінің бірі мемлекеттік жоспарлау жүйесін қайта құру әдістері қарастырылып, макроэкономикалық саясат, әлеуметтік саланы дамыту, экономиканы әртараптандыру және бизнесті реттеуге бағытталғаны деуге болады. Жыл соңында Реформалар жөніндегі жоғары кеңес жиынын өткізген Президент Қ.Тоқаев мемлекеттік жоспарлаудың жаңа жүйесі догматизм мен көзбояушылықтан толық ада болуы қажеттігін, «сұлу сөз қаншалықты аз болса, мазмұны соншалық бай болатынын» ескерткен-ді. Тәуелсіздік жылдарындағы мемлекеттік бағдарламалардың қалай орындалғаны көз алдымызда. Оның біразы күшін жойды, жаңа бағдарламалар мен құжаттар жасалды. Бәрін сатылы түрде жүйелеп, қажет еместерінен арылу керектігін ашық айтқан пікірлер Ақордаға жетті. Сәйкесінше шешім қабылданды.***

# МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАЛАР ҚАЛАЙ РЕФОРМАЛАНАДЫ?



Бұл мәселенің толғағы пісіліп жеткені өткен жылы қаттырақ білінді. Қараша айында Ұлттық банк Парламент қабырғасында тиімсіз бағдарламаларды қысқарту туралы мәселені көтерді. Мемлекеттік бағдарламалар арқылы экономикалық өсімге серпін беру қолданыстағы қолдау тетіктерінің мақсаттары мен міндеттерін қайта бағдарлай отырып, қайта қарауды талап ететінін алға тартты. Қолданыстағы мемлекеттік бағдарламалар негізінен несие бойынша пайыздық мөлшерлемені субсидиялауға бағытталған. 2015-2019 жылдар аралығында субсидиялау арқылы экономиканы дамыту мен қолдаудың түрлі бағдарламалары аясында 4,3 трлн теңгенің келісімшарттары несиеленді. Мұндай механизм несиелік нарықтағы ресурстардың әділ құнын бұрмалайды, пайыздық мөлшерлеме мен несиелік арналардың тиімділігін төмендетеді.

Макроэкономика, әлеуметтік сала, бизнес, сот пен өзге де салалар бойынша қазір ірі стратегиялық құжаттар дайындалып жатыр. Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі жұмыс істей бастаған үш жарым айда Реформалар жөніндегі жоғары кеңестің екі отырысы өтті. Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің төрағасы Қайрат Келімбетов ең әуелі өзгерістерді қажет ететін салаларға басымдық беретінін айтты.

– Денсаулық сақтау, экономикалық өсу секторында бізге Ұлттық қор көмектесті. Енді Ұлттық қорды қалыптастыруға қалай кірісетініміз, бюджет және қазына саясатының қаншалықты ұтымды болатыны өте маңызды. Осы мәселелердің барлығы биыл макроэкономика мәселелері жөніндегі топта қаралады. Экономиканы әртараптандыру бойынша жұмыс тобына келер болсақ, мұнай мен оның бағасына тәуелсіз сектор құру қажет. Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша жаңа жұмыс орындары құрылады. Туризм, агрошаруашылық сынды секторларға назар аударылып, бюджет қаржысы бөлінеді, – деді Қ.Келімбетов.

Тағы бір маңызды бағыттардың бірі – әлеуметтік сала. Қазір Әлеуметтік кодексті құру жұмыстары басталғанын айтып өткен Қ.Келімбетов өңірлік даму стратегиясын қабылдауды ұсынғанын, әр өңірдің өзін дамытатын артықшылығы, өсу нүктелері бар екенін, алдымен, соларды анықтауға басымдық берілетінін айтты.

– Біз жетістікке жеткен Ұлыбритания, Малайзия, Сингапур сынды алдыңғы қатарлы елдердің реформаларды жүзеге асыру тәжірибелерімен таныстық. Мемлекет басшысы Стратегиялық жоспарлау жүйесі бекітілгеннен кейін мемлекеттік бағдарламалардан ұлттық жобаларға ауысатынымызды атап өтті. Ұлттық жоба дегеніміз – нақты бір мақсаттарға жетуге бағытталған кешенді жоспар. Осы бағыттардың барлығы биыл жүзеге асады және әр ұлттық жобаны түрлі мемлекеттік орган жүзеге асырады. Цифрлы қызмет негізінде жұмыс істейтін арнайы орталықтар құрылады. Бәрінен бұрын Кеңсе, Цифрлы трансформация кеңсесі және Ұлттық жобалардың жүзеге асырылуын бақылау кеңсесі жұмысын бастайды. Агенттік құру – Мемлекет басшысы атап өткен үлкен реформаларға дайындықтың қорытынды кезеңі болды, – деді Қ.Келімбетов.

Макроэкономика тобын Сума Чакробарти басқарады, ол – Реформалар жөніндегі жоғары кеңес төрағасының орынбасары. Үш топты Премьер-Министр басқарып отыр, бір топты Президент Әкімшілігінің Басшысы және тағы бір топты Президент Әкімшілігі Басшысының орынбасары басқарады. Әр топ бірнеше отырыс өткізіп үлгерді, жұмыс топтарының платформасы – мемлекеттік органдардың жұмысы, ал үйлестіруші рөлді Стратегиялық жоспарлау және реформа агенттігі атқарады. Әлемдік трендтер, алдыңғы қатарлы әлемдік тәжірибе зерттелді. Қазір кез келген шешім big data негізінде қабылдануы қажет. Сол себепті Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі статистика саласына үлкен өзгеріс енгізіп жатыр. Статистика бюросы агенттікке берілді. Бұл бюро экономикада болып жатқан жайттарға тәуелсіз баға беру үшін қажет.

Қ.Тоқаев 2021 жылы Стратегиялық жоспарлау жүйесі бекітілгеннен кейін мемлекеттік бағдарламалардан ұлттық жобаларға ауысуды атап өткен-ді. Ал сарапшылар ұлттық жоба нақты бір мақсаттарға жетуге бағытталған кешенді жоспарларға басымдық беріп, мүмкіндік пен әлеуетімізді шашыратып алуға жол бермеу қажет екенін ескерте бастады. Қолданыстағы мемлекеттік бағдарламаларды скринингтен өткізіп, бір шиincludes ширатып алу әлемдік трендке айналған.

«2021-2023 жылдарға арналған көптеген мемлекеттік бағдарламаларды қаржыландырудың қысқаруы дағдарыс пен бюджет тапшылығы жағдайында биліктің мәжбүрлі қадамы. Ендігі жерде тек қана мемлекеттік реттеуші міндеттемелердің шығындары «қорғалуы» керек» дейді сарапшылар. Олардың пікірінше, мемлекеттік бағдарламалардың көпшілігінде қысқартудың резервтері бар. Бұл бағдарламаларды өзара үйлестіруге мүмкіндік береді.

## МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАЛАР НЕГЕ ОРЫНДАЛМАДЫ?

Қазір Қазақстанда ұлттық экономиканың барлық саласы мен іс жүзінде қоғамдық өмірдің барлық саласын қамтитын 15 мемлекеттік және салалық бағдарлама бар. Жасыратыны жоқ, бүкіл халықтың әл-ауқаты көбіне мемлекеттік бағдарламаларға байланысты.

Саясаттанушы Санжар Боқаев шенеуніктер мемлекеттік бағдарламаларды пафоспен жариялайтынын, соңында оның орындалуына жауапты тұлғалардың кім екенін ұмыттырып жіберуге тырысатынын айтады. Оның пікірінше, мемлекеттік деңгейде қабылданған әр құжат, әр бағдарлама мұқият талданбайды. Мемлекеттік бағдарламаларды іске асырудың тиімділігін бағалау әдістері әзірленетінін және оны жауапты орындаушылар бекітетін тәжірибе бұрыннан қалыптасқанын нақтылаған С.Боқаев бұл әдістеме сыртқы тәуелсіз аудиттің сараптамасынан өтпейтінін де ескертті. Оның нәтижесі де қызық: мемлекеттік бағдарламалардың орындаушысы өзін-өзі дамытады, жүзеге асырады және өзін-өзі бағалайды. Яғни дайындаушы да, орындаушы да, сыншы да бағдарламаны дайындаған жұмыс тобының өзі болып шығады.

Сарапшы айтқандай, қолданыстағы бағдарламалардың басым көпшілігі орындалу тетіктерінің жоқтығынан жүзеге аспай қалған. Бағдарламаның мақсаты, міндеті, индикативті көрсеткіштері айқын болғанымен оны жүзеге асыратын тетіктері барынша бұлыңғыр.

– Қазақстанда мемлекеттік бағдарламаларды іске асырудың тиімділігін бағалау әдістері әзірленетін және оны тек жауапты орындаушылар бекітетін тәжірибе бұрыннан қалыптасқан. Сонымен қатар әдістеме сыртқы тәуелсіз аудиттің сараптамасынан өтпейді. Тиімді басқару тұрғысынан бұл мүлдем қолайсыз, – дейді С.Боқаев.

Сарапшы айтқандай, мемлекеттік басқару жүйесінде ақ пен қараның арасындағы миллион түрлі түс бар екенін мойындамайтын KPI жүйесі қалыптасқан. Бұл бағыт бюджеттің орындалуына және бөлінген қаржының игерілуіне ғана басымдық береді. Ал түпкі нәтиже ешкімді қызықтырмайды.

– Мемлекеттік бағдарламаларды іске асырудың тиімділігін бағалау әдістері шенеуніктерді шығындарды басқаруға бағыттап, шығынның арнасын пайдаға бағыттау мүмкіндігін тежеп, бөлінген қаржыны қалай игергеніңіздің, қалай үнемдегеніңіздің құны көк тиын болып қалады. Бұл тәсіл шенеуніктерді тек бюджеттерді әзірлеумен айналысуға мәжбүр етеді, мемлекеттік органдарды тендерлік машинаға айналдырады. Нәтижесінде, шығындарға талдау жасалмайды. Талдау жасалмағандықтан, бағдарламаның шығыны мен пайдасын бағалайтын нақты құралдар қолданылмай, тасада қалады, – дейді ол.

Мемлекеттік бағдарламаның орындалмағаны үшін топ-менеджерлердің жеке жауапкершілігінің жоқтығы, жүз миллиардтаған теңгені тиімсіз жұмсаған шенеуніктерге санкциялар қолданбайтыны осыған дейін де жиі айтылатын.

– Біз мыңдаған теңгені ысырап еткені үшін ауылдық округтің кішкентай шенеунігін соттап жатырмыз, ал министрлерді бірнеше миллиардтық бағдарламалардың сәтсіздігі үшін жазаламаймыз. Мемлекет ендігі жерде жауапкершіліктің тек моральдық емес, қылмыстық сипатына да басымдық беруі қажет. Оны бағдарламаны әзірлеушілер де, іске асыруға жауапты адамдар да сезінген кезде бағдарламаны орындауға мүмкіндік туады, – деп қорытты С.Боқаев.

## ҚАЖЕТСІЗ БАҒДАРЛАМАЛАРДЫ КӨБЕЙТУ ҚАЖЕТ ЕМЕС

Экономист Мағбат Спанов популистік шешімдерді қабылдау жүріп жатқанын, Үкімет кейбір мәселелерді Ұлттық қор қаражаты есебінен шешуді ұсынатынын, мұны тоқтататын уақыт келгенін, Үкіметтің экономикалық блогына ақша табуды үйренетін кез келгенін жеткізді. Ұлттық қордың ақшасын жарату арқылы мәселені шешу үшін көп ойланудың қажеті жоқ. Үкіметтің назары жалақы, жер, денсаулық және заң төңірегінде болуы керек. Мемлекеттік бағдарламалар көп, жаңа бағдарламалар да әзірленуде. Әрқайсысы белгілі бір қаржылық қолдауды қажет етеді. Алайда, қазіргі жағдайда оларды қандай көздерден қаржыландыру керектігі түсініксіз. Қоғамды жеке қауіпсіздік, жалақы, денсаулық және әлеуметтік әділдік толғандырады.

– Қажетсіз бағдарламаларды бірінен кейін бірін балалата берудің қажеті жоқ. Халықпен келісіп, жағдайды нақты түсіндіре білу керек. Қытайдың Батысты игеруі де – зерттеуге тұрарлық тәжірибе. Жалпы мемлекеттік саясат осы бағытқа көңіл аудара бастағаны дұрыс, – дейді М.Спанов.

GSB UIB бизнесті талдау орталығының сарапшысы, экономист Мақсат Халықтың байламынша, тәуелсіздік алған жылдары қабылданған мемлекеттік бағдарламалардың жалпы саны 50-ден асып кетіпті. Осы бағдарламалардың ішінде іліп алатындарының қатарында Индустрияландыру бағдарламасы бар. Қазір мұны сарапшылар бір-бірімен сабақтасып, бір-бірін толықтыратын салалық бағдарламаларға теңеп жүр. Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің төрағасы осы бағдарламалардың басы-қасында жүргенін айтып өткен Мақсат Халық 2009 жылдары Қайрат Келімбетовпен кездескенін, «2015 жылға дейінгі қамтитын бағдарламаның нәтижесін күтпей, жаңа бағдарламаның не себептен қабылдадыңыздар?» деп сұрағанын айтты.

– Сол кезде Қайрат Нематұлы алғашқы бағдарлама қабылданған кезде 2007-2009 жылдардағы қаржылық дағдарыс ескерілмегенін, сол себепті бағдарламаны қаржыландыру уақытша тоқтатылғанын айтты. Алдыңғы құжаттардағы сабақтастықты сақтай отырып, жаңа бағдарлама қабылданғанын, көп бағдарламалар екінші кезеңге қалып тұрғанын, бірақ 2020 жылға дейін жүзеге асатынын жеткізген болатын. Бізде бағдарламаға жауапты тұлғаның нақтыланбайтыны бар. Мысалы, бағдарлама бір шенеуніктің министр немесе премьер-министр кезінде қабылданады. Кейін ол әкім немесе елші болып кеткендіктен «Бағдарламаның орындалуына кім жауап береді?» деген сұрақ жауапсыз қалады, – деген М.Халық жауапты тұлғалардың жауапкершілігі ауыс-түйістің тасасында адасып қалатынын айтып өтті.

– Бүгінге дейін қабылданған бағдарламаларды 2050 жылға дейінгі стратегиямыздың айналасына топтастыратын кешенді стратегиялық бағдарлама керек. Біз сол кезде ғана Мемлекет басшысы айтып өткендей, мемлекеттік жоспарлаудың жаңа жүйесін догматизм мен көзбояушылықтан тазартамыз. Бірақ кедергі көп. Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі қиыннан қиыстырудың мың түрлі тәсілін меңгерген әкімдерге әзірге әлі мінез көрсете алған жоқ. Сондықтан агенттікке мемлекеттік бағдарламалардың орындалуын бақылайтын, қай жерде мүлт кеткенін қадағалайтын, көшті кейінге тартып отырған әкімдерге ескерту беретін құзірет беру керек, – дейді экономист. Агенттік бұл міндетті тәуелсіз һәм кәсіби сарапшылардың мүмкіндігімен жүзеге асыра алады.

**«Egemen Qazaqstan»**

## ЖЕЗҚАЗҒАН ҚАЛАЛЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ VII ШАҚЫРЫЛЫМ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ КЕЗЕКТІ САЙЛАУ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАМА

***2021 жылғы 10 қаңтарда Жезқазған қалалық мәслихаты депутаттарының бірыңғай сайлау округінің аумағы бойынша кезекті сайлауы өтті.***

Қала бойынша сайлаушылар тізіміне 61053 азамат енгізіліп, олардың 41809-ы немесе 68,47 пайызы сайлау бюллетеньдерін алды.

Дауыс беруге 40618 адам қатысты, оның ішінде дауыс беруге құқығын беретін есептен шығару куәліктері бойынша 63 сайлаушы дауыс берді, дауыс беруге арналған үй-жайдан тыс жерде 320 сайлаушы дауыс берді.

Сайлауға 4 саяси партия қатысты.

Саяси партиялар үшін дауыс беру кезінде мынадай дауыс саны берілді:

Қазақстан Халық партиясы – 3099 дауыс немесе дауыс беруге қатысқан сайлаушылардың 7,8 пайызы;

«Nur Otan» партиясы – 32814 дауыс немесе дауыс беруге қатысқан сайлаушылардың 82,8 пайызы;

Қазақстанның «Ақ жол» демократиялық партиясы – 3127 дауыс немесе дауыс беруге қатысқан сайлаушылардың 7,9 пайызы;

«ADAL» саяси партиясы – 613 дауыс немесе дауыс беруге қатысқан сайлаушылардың 1,5 пайызы.

Дауыс беруге қатысқан сайлаушылар дауысының жеті және одан да көп пайызын алған саяси партиялар үшін депутаттық мандаттарды мынадай бөлу белгіленді:

Қазақстан Халық партиясы – 1

«Nur Otan» партиясы – 11

Қазақстанның «Ақ жол» демократиялық партиясы – 1.

**Жезқазған қалалық сайлау комиссиясы**

▌БҮГІНГІ КҮН ТАҚЫРЫБЫНА

*Қазіргі таңдағы ел талқысындағы мәселелердің бірі – зейнетақы қорындағы ақшаны алу жолы. Өзінің неше жылдан бергі табан ақы, маңдай терімен жинаған зейнетақы қорындағы ақшаны кім-кімнің болса да алғысы келері сөзсіз. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен жүзеге асырылатын аталған шара «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне экономикалық өсуді қалпына келтіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңына сәйкес азаматтардың зейнетақы жинақтарының бір бөлігін тұрғын үй алуға, тегін медициналық көмектен бөлек емделуге, МӘМС-ге ақы төлеуге және жеке басқарушы компанияларға инвестициялық басқаруға беруге рұқсат етілген. Зенетақы жинағындағы ақшаны алуға дәмелі болсаңыз, алдымен ентігіңізді басып, жаңадан бекітілген мына ережелермен жіте танысып шыққаныңыз абзал.*

# ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖИНАҒЫНАН ҚАЛАЙ АҚША ШЕШУГЕ БОЛАДЫ?

Қабылданған шешімге сай, БЖЗҚ-да жиналған қаржыны алмақ ниеттегі тұрғындардың жинағы белгіленген ең аз жеткіліктілік шегінен асуы керек. Екіншіден, зейнетақы мөлшері алушының Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған тәртіппен белгіленетін 40 пайыздан төмен емес деңгейдегі орташа айлық табысын алмастыру коэффициентін камтамасыз ете алуы керек. Бұл дегеніңіз – бұрынғы еңбекақы табысының 40 пайызына тең мөлшерде зейнетақы алатын зейнеткерлер зейнетақы қорындағы жиналған қаражаттың 50 пайызын алу құқығына ие. Сонымен қатар зейнетақылық аннуитетті рәсімдеген және сақтандыру қорына аударғаннан кейін БЖЗҚ-да жинағы қалған азаматтар да белгіленген мөлшердегі соманы ала болады.

Ал енді басты сұрақ: «Зейнет жасына жетпеген өзге тұрғындар зейнетақы қорындағы ақшаны қандай жағдайда ала алады?». Ол үшін салымшының есепшотында белгіленген мөлшерде көкқағаздар болуы қажет. Яғни, 20 жастағы қазақстандықтың зейнетақы қорында 1 млн 720 мың, 30 жастағы адамда 2 млн 518 мың, 40 жастағы адамның шотында 3 млн 497 мың, 50 жастағы да 4 млн 495 мың, 59 және одан жоғарыларда 5 млн 586 мың теңге ақша болуы керек.

Зейнетақы жинақтарын тексергеннен кейін оның бір бөлігін тұрғын үй жағдайын жақсартуға немесе емделуге пайдалану туралы шешім қабылдаған салымшылар арнайы шот ашу үшін электрондық цифрлық қолтаңбаны пайдалана алады. Біржолғы зейнетақы төлеміне өтініш беру үшін интернет-портал арқылы уәкілетті операторға жүгінуге болады. Салымшы біржолғы зейнетақы төлемін алған кезінде төленетін жеке табыс салығын төлеу тәсілін өзі таңдауы тиіс. Ол уәкілетті операторға төлемге өтініш берген кезінде жеке табыс салығын ұстап қалу туралы өтінішке таңдаған тәсілді көрсетіп, электронды-цифрлы қолтаңба арқылы қол қою жолымен іске асырады.

Алушыға екі күн ішінде зейнетақы қорынан хабарлама келеді. Аталған хабарламада төлемге қабылданған өтініш туралы мәліметтер, оның ішінде алу мақсаты, ТАӘ, туған күні, ЖСН, салымшы айқындаған мөлшердегі біржолғы зейнетақы төлемінің сомасы, ЖТС ұстап қалу тәсілі туралы мәліметтер қамтылады, сондай-ақ, салымшының ЭЦҚ қойылған ЖТС ұстап қалу туралы өтініші болады. Негізгі мәліметтер расталғаннан соң БЖЗҚ 5 күн ішінде жинақтағы қаражатты салымшының, яғни, алушының шотына аударады. Бұл сома алушының шотында 45 жұмыс күнінен аспайтын мерзім аралығында сақталады.

Осы мерзім ішінде жинақ иесі уәкілетті операторға белгіленген құжаттарды толық ұсынуы керек. Егер ол көрсетілген мерзімде ұсынылмаған жағдайда, уәкілетті оператор біржолғы зейнетақы төлемінің сомасын БЖЗҚ-ға қайтарады. Қор ол соманы салымшының жеке зейнетақы шотына қайта аударады. Осылайша азаматтардың тұрғын-үй жағдайларын жақсарту және емделуге ақы төлеу мәселелері бойынша барлық өтініштері уәкілетті операторға «бір терезе» қағидаты бойынша келіп түседі және қаралады. Азаматтар тарапынан БЖЗҚ-ға жеке өтініш беру талап етілмейді. Тек салымшылар БЖЗҚ-дан алуға болатын зейнетақы жинақтарының сомасы туралы мәліметтерді өз бетінше онлайн тәртібімен алулары керек.

Қаламыздағы БЖЗҚ филиалының мамандарының сөзінше, Заңдағы өзгерістерге сәйкес мысты шаһарда да зейнетақы жинағын тексертіп, жинақтағы ақшасын алуға ниет білдіргендер саны айтарлықтай артқан. Үкімет тарапынан нақты шешімді күтіп отырған олар тұрғындарға «Отбасы банкін» нұсқайтындарын айтты. Әзірге нақты толықтыруларды күтіп отырған банк қызметкерлері де таяу күндері толық мағлұматтармен бөлісетіндіктерін жеткізді.

**Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН**

**Зейнетақы жинақтарының бір бөлігін алу үшін жеткіліктілік шегі**

| жасы | теңге | жасы | теңге | жасы | теңге |
|---|---|---|---|---|---|
| 20 | 1 710 000 | 33 | 2 760 000 | 46 | 4 030 000 |
| 21 | 1 780 000 | 34 | 2 850 000 | 47 | 4 140 000 |
| 22 | 1 860 000 | 35 | 2 940 000 | 48 | 4 250 000 |
| 23 | 1 930 000 | 36 | 3 030 000 | 49 | 4 360 000 |
| 24 | 2 010 000 | 37 | 3 130 000 | 50 | 4 470 000 |
| 25 | 2 090 000 | 38 | 3 220 000 | 51 | 4 590 000 |
| 26 | 2 170 000 | 39 | 3 320 000 | 52 | 4 700 000 |
| 27 | 2 250 000 | 40 | 3 420 000 | 53 | 4 820 000 |
| 28 | 2 330 000 | 41 | 3 520 000 | 54 | 4 940 000 |
| 29 | 2 420 000 | 42 | 3 620 000 | 55 | 5 060 000 |
| 30 | 2 500 000 | 43 | 3 720 000 | 56 | 5 180 000 |
| 31 | 2 590 000 | 44 | 3 820 000 | 57 | 5 300 000 |
| 32 | 2 670 000 | 45 | 3 930 000 | 58 | 5 430 000 |
| | | | | 59+ | 5 560 000 |

▌ШОЛУ

# 2021 ЖЫЛДЫҢ БАСТЫ ӨЗГЕРІСТЕРІ

Жаңа жылдан бастап жәрдемақы және өзге де әлеуметтік төлемдерді, айыппұл, салық және басқа да төлемдерді есептеу үшін қолданылатын айлық есептік көрсеткіш (АЕК) өзгеріп, 2 917 теңгені құрады.

Базалық әлеуметтік төлемдерді есептеу үшін ең төменгі күнкөріс деңгейі 34302 теңге болып бекітілді. Өткен жылы ең төменгі күнкөріс деңгейі 32668 теңге болған еді. Ал ең төменгі жалақы өзгермей, 42500 теңге көлемінде қалып отыр.

Биылдан бастап зейнетақы өсті. Мемлекеттік базалық зейнетақының ең төменгі мөлшері – 18524 теңге. Ал ең төменгі зейнетақы 40441 теңгеден 43272 теңгеге дейін көтерілді. Бұдан бөлек, әйелдер үшін зейнетке шығу жасы ұлғайды. 2021 жылдың 1 қаңтарынан әйелдер 60 жасында зейнетке шығады. Елімізде 2018 жылдың қаңтарынан ерлер мен әйелдердің зейнет жасын теңестіру жұмысы басталды. Заңға сәйкес, 2027жылға дейін әйелдердің зейнет жасына жарты жылдан қосылып отырады. Ал ерлер үшін ештеңе өзгерген жоқ, олар зейнет демалысына бұрынғыдай 63 жаста шығады.

Бала туғанда берілетін біржолғы жәрдемақы мөлшері артты, біріншi, екінші, үшінші балаға – 38 АЕК немесе 110 846 теңге, төртінші және одан кейінгі балаларға – 63 АЕК немесе 183 771 теңге. Бала бір жасқа толғанға дейін төленетін ай сайынғы төлем: бірінші балаға – 5,76 АЕК немесе 16 802 теңге; екінші балаға – 6,81 АЕК немесе 19 865 теңге; үшінші балаға – 7,85 АЕК немесе 22 899 теңге; төртінші және одан кейінгі балаларға – 8,90 АЕК немесе 25 962 теңге.

Атаулы әлеуметтік көмек табысы аз отбасыларға, соның ішінде көпбалалы отбасыларға төленеді. Ең төмен күнкөріс деңгейінің 70%-ы тағайындаудың шекті критерийі болып қала береді.

2021 жылдың қаңтарынан мұғалімдердің жалақысы 25 процентке өсті. Бұл туралы Мемлекет басшысы халыққа Жолдауында жария еткен еді. Бұдан бөлек, Президент медицина қызметкерлерінің айлығын да кезең-кезеңмен арттыруды тапсырды. 2023 жылға қарай дәрігердің орташа жалақысының экономикадағы орташа жалақыға арақатынасын 2,5 есеге жеткізу міндетін қойды. Денсаулық сақтау саласын дамытудың 2020-2025 жылға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес, 2025 жылға қарай ақ халаттылардың еңбекақысы шамамен 550 мың теңгені құрайды.

Сонымен қатар, қаңтардан бастап әлеуметтік қызметкерлердің де айлығы өсті. Атап айтқанда, стационарлық және жартылай стационарлық үлгідегі медициналық-әлеуметтік мекемелерде, уақытша болу мекемелерінде жұмыс істейтін әлеуметтік қызметкерлер мен басшылық құрамының, сондай-ақ үйде қызмет көрсететін әлеуметтік қызметкерлердің еңбекақысы ұлғайды.

2021 жылдың тағы бір жаңалығы – жаппай вакцинация. Наурыз айынан бастап COVID-19-ға қарсы отандық вакцинаны жаппай егу басталады. Ең алдымен, екпе ерікті түрде медицина қызметкерлеріне, мұғалімдерге, сондай-ақ созылмалы ауруы бары адамдарға салынады. 19 желтоқсанында отандық «QazCovid-in» вакцинасын клиникалық сынақтан өткізудің III сатысы басталды, 3 мың еріктіге егілді.

Салық төлеу мерзімінде де өзгерістер бар. Жүргізушілерге ыңғайлы болу үшін көлік салығын төлеу мерзімі 2020 жылдың 31 желтоқсанынан 2021 жылдың 1 сәуіріне ауыстырылды. Жуырда Президент Салық кодексіне өзгерістер енгізу туралы заңға қол қойды. Соған сәйкес мүлік пен жер салықтары біріктірілді, яғни, екі салық бірыңғай төлеммен төленеді. Бұдан бөлек, көпқабатты тұрғын үйлердің тұрғындары үшін жер салығы алынып тасталды.

Айлық есептік көрсеткіштің өсуіне байланысты кейбір азаматтардың міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру (МӘМС) қорына төлейтін жарнасы да көбейіп отыр. Өзін-өзі жұмыспен қамтып жүргендер әлеуметтік медициналық сақтандыруға бір айлық есептік көрсеткіш көлемінде жарна салады. Бұл – республикалық және облыстық маңызы бар қалалардағы баға. Ал басқа елдімекендердегі бірыңғай жиынтық көлемін төлеушілер оның жартысын, яғни, 1458,5 теңге төлейді. МӘМС-ке жарна төлейтін басқа санаттағы азаматтардың төлемі сол қалпында сақталған. Айталық, жұмыс істейтін тұрғындар жалақының 2%-ы мөлшерінде төлейді. Жеке кәсіпкерлер, шаруа қожалығы иелері, жеке практикамен айналысатын тұлғалар ең төменгі жалақының 5%-ы мөлшерінде жарна құяды. 2021 жылы ең төменгі жалақының мөлшері өзгермегендіктен, бұл санаттағы азаматтардың да сақтандыру қорына беретін жарнасы бұрынғыдай 2975 теңге көлемінде қалып отыр. Азаматтық-құқықтық негізде шарт бойынша жұмыс істейтін тұлғалар табысының 2%-ы мөлшерінде жарна салады, ең жоғарғы төлем – 8500 теңге. Бұдан өзге, азаматтардың 15 санаты бар, арнайы жеңілдігі бар бұл тұлғаларға жарнаны мемлекет төлейді. МӘМС жарнасын екінші деңгейлі банктер және «Kaspi.kz» мобильді қосымшасы арқылы, «Казпочта» АҚ бөлімшелерінде, төлем қабылдау терминалдарымен (Qiwi, Kassa24 және т.б.) төлеуге болады.

Жоғарыда айтып кеткеніміздей айлық есептік көрсеткіштің өзгеруіне байланысты айыппұлдар да қымбаттай түсті. Сонымен карантин шектеуін бұзған жеке тұлғаларға айыппұл 83 мыңнан 87 510 теңгеге, шағын бизнес өкілдеріне 638 мыңнан 670 910 теңгеге қымбаттады. Білім саласына қатысты, мұғалімдерді қызметінен тыс жұмысқа салған лауазымды тұлғаға енді 60 мың теңгеге жуық айыппұл салынады. Бүгінде әкімшілік айыппұл салу көбінесе жолда жүру ережесін бұзғандарға қолданылатынын ескертсек, көлік жүргізушілерінің қалтасы қағылалы тұр. Экологиялық нормаға сай емес көлік жүргізгендерге салынатын ең төменгі айыппұл 2 АЕК, яғни 5 834 теңге болды (заң жасаушылар оны 2.5 есе көбейтуді жоспарлап отыр). Жылдамдықты сағатына 10-нан 20 шақырымға дейін асырғандар бұдан былай 13 890 емес, 14 585 теңге төлейді. Тротуар, көгал, балалар ойнайтын орындар мен спорт алаңына тоқтағандарға 29 170 теңге (10 АЕК) айыппұл салынады. Көлік құралын басқару кезінде телефонмен сөйлесіп немесе қауіпсіздік белдігін тақпаған жағдайда салынатын айыппұлдың көлемі – 5 АЕК немесе 14 585 теңге. Бағдаршамның тыйым салатын сигналына немесе реттеушінің тыйым салатын қимылына қарамай өткен жүргізушілер 29 170 теңге мөлшерінде айыппұл төлеуге міндеттеледі. Ал зардабы ауыр жол апатын жасаған азаматтарға салынатын 1 000 АЕК мөлшеріндегі ең қымбат айыппұл көлемі 2 917 000 теңгені құрайды. Жылмен бірге келген арттқан айыппұлдың арқаламас бұрын ереже бұзбай, заңға бағынған жөн болар...

**Бота ШАЛҚАР**

# ТІЛ МӘРТЕБЕСІ – ЕЛ МЕРЕЙІ

*«Биыл қастерлі Тәуелсіздігімізге 30 жыл толады. Бұл – қайта жаңғырған қазақ мемлекеттігінің, ата-бабаларымыз аңсаған азаттықтың тұғыры нығая түскенін әйгілейтін маңызды белес. Тарих тұрғысынан алғанда, отыз жыл – көзді ашып жұмғандай қас-қағым сәт. Дегенмен, бұл көптеген халықтар үшін ғындығы мен қуанышы, даңғырысы мен дамуы алмасқан тұтас дәуір деуге болады. Біз де осындай жолдан өтіп келеміз» деп басталған ел Президентінің 2021 жылдың жаршысындай боп келген мақаласы еліміздің алдағы атқарар жұмыстарын айқындаған маңызды мәнге ие қадам болды.*

«Бағдар мен белес», «Таным мен тағылым», «Қоғам мен құндылық» атты үш бөлімнен құралған мақалада қазіргі қазақ қоғамына қажетті мәселелер толыққанды қамтылып, дұрыс сараланған. Отыз жылдағы жеткен жетістіктеріміз мен жіберген кателіктеріміз сарапталған алғашқы бөлімде «Келер ұрпаққа қандай елді аманаттаймыз?», «Мемлекеттігімізді нығайта түсу үшін тағы не істейміз?» деген сұрақтардың қаузалғаны көңіл қуантпай қоймады. Сондай-ақ, бұл мақалада жастардың болашағы, оларға жасалған жағдай мен алдағы уақытта ұйымдастырылар мүмкіндіктер жайы кеңірек талқыланғаны да жастарға жігер сыйлай түскендей. 2021 жылмен Тәуелсіздіктің үш онжылдығы тұспа тұс келеді. 30 жылда, тәубе дейміз, өзге көршілес мемлекеттер әлі алмаған біршама жетістіктердің басын қайырдық. Асқарларға көз салып, биік белестерді бағындыра білдік. Шекарамыз шегенделді. Ырысымыз тасып, ынтымағымыз артты. Енді қадам басқалы отырған төртінші онжылдыққа да жіте пысықталған дайындық қажет. Оны Мемлекет басшысы да терең түсінеді. Оған Қасым-Жомарт Кемелұлының «Алдағы төртінші онжылдықтың бізге жүктейтін міндеті – қуатты елдің иесі және кемел халық болу. Бұл жолда саяси-экономикалық реформаларды және сананы жаңғырту үдерісін жалғастырып, заман талабына бейімделген ұлттың жаңа болмысын қалыптастыруымыз қажет» дегені нақты дәлел.

Мақалада Алтайдан Атырауға дейінгі ұлан-ғайыр жерімізді көзіміздің қарашығындай қорып, азаттығымызды арда тұту жайына мән берген Мемлекет басшысы Бозжыра мен Шерқала, Ақсу-Жабағылы, Сайрам-Өгем, Жетісуда Хан Тәңірі, Шарын, Көлсай, Қайынды, Қапал- Арасан, Алтынемел, Бұрхан бұлақ, Мұзтау, Шыңғыстау, Марқакөл, Рахман қайнары, Арқада Бурабай, Баянауыл, Ұлытау, Қарқаралы, Имантау, Айыртау сынды көрікті жерлеріміздің әсем табиғатын әлемге паш етіп, туризм саласын дамыту қажеттігін де ескe салды.

Мақалада туған тіліміз, мемлекеттік тілі қазақ тілін дамыту жайы да қаралғаны төбеміздi көкке жеткізді. «Бүгінде мемлекеттік тілді білетін қазақтың да, өзге этнос өкілдерінің де үлесі едәуір артты. Қазақ тілін, шын мәнінде, бүкіл халқымызды біріктіруші факторға айналдырудың барлық құқықтық тәсілдері және кепілдіктері қалыптасты. Мәселе – ниетте. Ниеттің дұрыс болуы қазақ тілін меңгергісі келетін адамдарға да, осы мақсатқа жетуге жағдай жасайтын Үкіметке де байланысты» деп билік басындағыларға еліміздегі барша ұлт пен ұлыс өкілдерінің басын біріктіруші ұлттық құндылықтарымызға, әсіресе, тілімізге деген құрметті нығайту жолында әлі де жаңа жобалар қажеттігін ескертті. «Тәрбие – тал бесіктен» екенін аңғартқан қазақ әдебиетіне, әсіресе, балалар әдебиетіне көңіл бөлуді тапсырды.

Сөз соңында ел жастарын жұдырықтай жұмылып, Тәуелсіздік тұғырын одан әрі нығайту жолында еңбек етуге шақырған Қасым-Жомарт Тоқаев патриоттық болмыс арқылы ғана жасампаздық құдіретіне сенуге шақырды. Менде мемлекет басшысы артқан сенімге селкеу түсірмей, Отанымның өркендеуі жолында ерінбей еңбек ететін боламын!

**Эльвира МҰХАМЕДИНА,**
**Жезқазған тарихи-археологиялық музейінің аға ғылыми қызметкері**

ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЫЛДАРЫ ҚАЗАҚСТАН

*«Saryarqa» газетінде жарық көрген Президентіміздің «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласы бізге серпер сенім мен жаңа белестерді бағындыруға жол ашқандай болды. Аталған мақалада еліміздің өткені мен бүгіні, болашағы жайлы кеңінен тарқатылыпты. Расында адам баласы дүниеге патриот болып кемейді. Өзінің жеке мақсат-мүделері қоғам игілігімен үндесіп, елінің дамуына елеулі үлес қосып жатқанын жан-жүрегімен сезінген адам нағыз бақытқа кенеледі.*

# ТҰРАҚТЫЛЫҚТЫ ТУ ЕТІП

Халқымыздың біртуар перзенті Әлихан Бөкейханұлы «Ұлтқа қызмет ету білімнен емес, мінезден» дейді. Ия, расында да адамның туған жеріне, туған еліне, Отанына деген ыстық ықыласы мен шексіз махаббаты – ананың ақ сүтімен бойға даритын асыл қасиет. Білімі мен білігі әбден толысып, кемелдік айдынында еркін жүзе білген Президентіміздің бойынан аталған қасиеттің табылатындығына ешкімнің де күмәні жоқ.

Нақты нәтижеге бағдарланған ұлттық жобаларға мән берілетіндігі, елдің даму қозғалысы одан әрі де тоқтап қалмай, тұрақтылық үдерісінің тізбегі үзілмейтінін жеткізген Қасым-Жомарт Кемелұлының бұл мақаласы барша қазақстандықтардың, соның ішінде қазақ халқының көңілін марқайтып тастағандай болды. Әсіресе, оның: «Қазақстан – 2030» стратегиясын қабылдадық. Шығыстағы көршімізбен шекарамызды бекіттік. Басқа да іргелес мемлекеттермен шекара жөніндегі келіссөздер қарқынды жүргізіле бастады. Ел аумағын ядролық қарудан толық тазарттық. Елордамызды Арқа төсіне көшірдік. Нарықтық экономикаға өтіп, жекеменшік институтын берік орнықтырдық. Отандық бизнестің негізін қаладық. Жастар әлемнің маңдайалды оқу орындарында білім ала бастады. Түрлі дағдарыстардан аман өтуге мүмкіндік берген Ұлттық қорымыз құрылды. Дүние жүзіне тарыдай шашылған қазақ баласын атажұртқа шақырдық, Ұлы көшке жол аштық. Соның нәтижесінде ел еңсесі тіктеліп, ұлттық рухымыз көтерілді» деген сөздері нақ дер кезінде айтылғандай болды .

Осыдан жүз жыл бұрынғы қазақ халқын қынадай қырып тастаған 1921-1922 жылдардағы нәубетін толығырақ, нақтылы түрде зерттеуді тапсырған Президентіміз ұрпағымыздың бір түйір жалған қоспасыз риясыз шындыққа негізделген тарихпен қамтамасыз етуді тапсырды. Бұдан бөлек әлемге елді танытудың оңай жолы киноиндустрия саласы арқылы жүзеге асатынын айтқан ол отандық телеарналар мемлекеттік тапсырыс негізінде ұлттық туындыларды жарыққа шығаруды жолға қою қажеттігін де атап айтты. Қыруар қаржысыз да құнды дүние шығаруға болатындығын көрішілес қырғыз халқынан үйрену қажеттігін еске салған Мемлекет басшысы, санға емес сапаға басымдық беруге шақырды.

Айта берсек, бұл мақалада біраз ой түйіндеді, жан-жақты көкейтесті мәселелерге шолу жасады. Бастысы – бабалардың қанымен, жанымен келген кастерлі де киелі Тәуелсіздігіміздің қадіріне тереңнен бойлап, егеменділігімізді қатаң қорғауда екенін түйсіндік.

**Бибігүл СМАЙЛОВА,**
**№ 3 ЖОББМ-нің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі**

ҚАЛА ӘКІМІНІҢ ЕСЕБІ ҚАРСАҢЫНДА

# КЕҢГІР СЕЛОЛЫҚ ОКРУГІНІҢ ӘКІМІ Қ.ЖАНПЕЙІСОВТІҢ 2020 ЖЫЛЫ АТҚАРҒАН ЖҰМЫСТАРЫ ТУРАЛЫ ЕСЕБІ

***Қазақстан өз дамуында әкімшілік реформаларды жүргізудің нақты іс-шараларын жүзеге асыратын кезеңге батыл қадам басты. Мемлекетті экономикалық, әлеуметтік және саяси жағынан одан әрі демократияландыруда жергілікті өзін-өзі басқаруды жетілдіруде әкімшілік-экономикалық механизмдердің алатын орны ерекше. Жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту, экономикалық өркендеудің, әлеуметтік әл-ауқаттың және азаматтық қоғамды қалыптастырудың міндетті шарттарының бірі болып табылады.***

***Селолық округ әкімі аппаратының қызметі, есеп беру кезеңінде Президент және Үкімет қойған міндеттерді орындауға, облыстық және қалалық бағдарламаларды жүзеге асыруға, өткен есептік кездесулерде айтылған азаматтардың ұсыныстары мен ескертулерін жүзеге асыруға бағытталды. Жалпы, есептік кезеңде округтің әлеуметтік-экономикалық дамуы оң нәтижені сақтап қалды.***

***2020 жылғы 1 қыркүйегіндегі Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына «ЖАҢА ЖАҒДАЙДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН: ІС-ҚИМЫЛ КЕЗЕҢІ» атты кезекті Жолдауы жарыққа шықты. Бұл Жолдауында: «2021 жылы бірқатар ауылдық округ әкімдерінің өкілеттік мерзімі аяқталады. Ауыл әкімдерінің тікелей сайлауы өткізіледі. Жергілікті билік өкілдерінің сайланбалы болуымен қатар, мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы құзыреттерді бөлу және жергілікті өзін-өзі басқару ісін айқындап алуымыз қажет.***

***Аса маңызды мәселенің бірі – аймақтарды бюджеттен қаржыландыру моделін әзірлеу. Бұл ретте «орталық пен өңір» арасындағы қарым-қатынастан бөлек, қаражаттың өңір ішінде бөлінуіне айрықша назар аудару керек», – деп атап көрсеткен болатын.***



## Статистикалық көрсеткіштер

Кеңгір селолық округіне: Кеңгір селосы, Теректі станциясы, Түйемойнақ станциясы, Қорғанбай ауылы және 7 бекет жатады.

Жалпы жер көлемі – 272706 га.

**Халық саны:**

Кеңгір селолық округ бойынша – 3498 адам.

Кеңгір селосында – 2756 адам, Теректі станциясында – 376 адам, Түйемойнақ станциясында –164 адам, Қорғанбай ауылында – 110 адам, разъездерде – 92 адам.

Экономикалық белсенді халықтың саны – 1801 адам.

әйелдер – 1740 адам.

ерлер – 1758 адам

зейнеткерлер – 322 адам

әр түрлі зейнетақы алушылар – 76 адам, оның ішінде:

Атаулы-әлеуметтік көмек алушылар – 8 отбасы

Әскери міндеттілер – 207 адам

Әскер қатарына шақыртушылар саны – 329 адам (18 - 27 жас).

Бүгінгі күнге барлық статистикалық деректер «е-Халық» ақпараттық жүйесінде көрсетілген.

Бұл ақпараттық жүйе нақты халықтың санын анықтауға, ішкі және сыртқы көші-қонды бақылауға, халықтың әлеуметтік осал санаттарына жататын, сондай-ақ жұмыссыздар мен өзін-өзі жұмыспен қамтыған азаматтардың есебін жүргізуге, барлық мемлекеттік ақпараттық жүйелердің деректерін жаңартуға, халықтың табысы туралы жалпыға бірдей декларациялауды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

## Бюджет

2018 жылдан бастап Кеңгір селолық округінде жергілікті өзін-өзі басқарудың дербес бюджеті енгізілген болатын. Дербес бюджетті қалыптастыру-әкімдердің жергілікті маңызы бар өзекті мәселелерді шешуде және азаматтардың өз ауылын, кентін дамытуға бағытталған шешімдер қабылдау процесіне қатысу мүмкіндігін кеңейтуге және халықтың қажеттіліктерін ескере отырып,бюджет қаражатын неғұрлым тиімді жоспарлауға және пайдалануға мүмкіндік береді.

Кеңгір селолық округінің бюджеті 78 млн 245 мың теңгені құрайды, оның 39 млн 396 мың теңгесі селолық округтің дамуына бағытталған:

Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтерге – 38 млн. 849 мың.теңге.

Елді-мекендердегі көшелерді жарықтандыруға – 5 млн. 950 мың.теңге.

Аудандық маңызы бар қалаларда, кенттерде, ауылдарда (селоларда), ауылдық (селолық) округтерде автомобиль жолдарының жұмысын істеуін қамтамасыз ету бойынша – 2 млн. 143 мың.теңге.

«Өңірлерді дамыту» Бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша шараларды іске асыру» бағдарламасы бойынша – 2 млн. 429 мың.теңге.

Елді-мекендерді абаттандыру мен көгалдандыруға» – 3 млн. 715 тыс.тенге (реставрация фут.поля установка турникета).

Елді-мекендерді санитарлық тазалықпен қамтамасыз етуге – 5 млн. 983 мың. теңге.

## Ауыл шаруашылығы

Кеңгір ауылының экономикалық бағытын ауыл шаруашылығы айқындайды, оның даму деңгейі, әлеуметтік-экономикалық жағдайы – тұрақты әлеуметтік ахуалдың басты индикаторы болып табылады.

Бірінші кезекте, бұл егіншілікпен мал шаруашылығын дамыту.

Кеңгір селосында «Племптицеторг» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі жұмыс істейді. Мекемеде 60 жұмысшы жұмыс атқарады. Өндіріс қуаты жылына 2,5 млн дана тәуліктік балапандар.

90 шаруа қожалығы бар, оның ішінде 84 шаруа қожалығы мал шаруашылығымен айналысады.

«Кеңгір селосы әкімінің аппараты» ММ-нің тапсырыс беруімен, Жезқазған ветеринарлық станциясының мамандары, Кеңгір селосының аумағында әр апта сайын қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулау шараларын өткізді. Жыл басынан бері –168 ит пен 9 мысық ауланды.

2020 жылдың желтоқсан айынан бастап, тұрғындарға қолайлы жағдай жасау мақсатында, селода жаңадан ашылған «Ұлы дала» гипермаркетінің аумағында соғым сою маусымы кезінде жәрмеңке ұйымдастырылуда.

**Өткен 2020 жылмен салыстырмалы түрде мал басы:**

| Атауы | 2020 жыл | 2021 жыл | Көрсеткіші |
|---|---|---|---|
| Ірі қара мал | 3420 | 4438 | +1018 |
| Ұсақ қара мал | 6758 | 7484 | +726 |
| Жылқы | 2426 | 3428 | +1002 |
| Түйе | 19 | 23 | +4 |
| Шошқа | 25 | 24 | +1 |
| Құс | 191 | 155 | -36 |

Округ бойынша жұмыссыз ретінде 20 адам тіркелді. 2019 жылдың қаңтар айынан бастап қалалық автожолдар басқармасы учаскесінің қызметінің тоқтатуына байланысты, осы мекеме жұмыскерлері жұмыссыздар ретінде тіркелді.

«Нәтижелі жұмыспен қамту» бағдарламасы бойынша мал басын көбейту үшін жеңілдетілген несиелер қаралған. Осы бағдарламалар арқылы селолық округтің бірқатар тұрғындары несие алды. Атап айтсақ:

ЖК «Мукажан Е» – 4,5 млн теңге.

ЖК «Омаров К» – 4,1 млн теңге.

ЖК «Даиров К» – 6,5 млн теңге тағы 12 шаруа қожалықтары жалпы сомасы 58,8 теңге несие алды.

Қала әкімінің жоспарына сәйкес 31200 мың теңге шаруа қожалықтарына жеңілдетілген пайызбен әр түрлі бағдарлама аясында несие көлемінің сомалары бекітілген. Несиенің жалпы сомасы 58,8 млн. теңгені құрады.

Қарапайым заттар экономикасы жобасы аясында округіміздің шаруа қожалықтары иелері несие алды, оның ішінде

«Алихан» шаруа қожалығы – 20 млн теңге.

«Искаков А» шаруа қожалығы – 20 млн теңге

«Нәтижелі жұмыспен қамту» бағдарламасы аясында Жезқазған қалалық кәсіпкерлік палатасы арқылы жұмыссыздар ретінде тіркелген төмендегі тұрғындар 555600 теңгеден грант алды: Амиржанова Ботагөз Дюсембековна, Байзакова Аида Сагиевна, Баегизова Перизат Тулеубаевна. Бұл қаражаттарына ірі қара мал сатып алды.

Қалиева Даметкен балаларға арналған би мектебін ашты.

Мамандардың кәсіби әлеуетін іске асыру және жұмысқа орналасуға көмек көрсету үшін Қазақстанда жұмыспен қамтудың түрлі әлеуметтік бағдарламалары бар. Солардың бірі – «Жұмыспен қамту 2020 жол картасы».

Осы бағдарлама аясында Кеңгір селолық округі бойынша 8 жоба іске асты:

1. Теректі станциясында 54 дана жарықтандыру тіректерін орнату.
2. Кеңгір селосында 18 дана жарықтандыру тіректерін орнату.
3. Кеңгір селосындағы 58 дана жарық диодты шамдарды ауыстыру.
4. Кеңгір селосында балалар алаңын орнату.
5. Кеңгір селосындағы кәріз және су құбыры желілерін ағымдағы жөндеу және жөндеу қызметін көрсету.
6. Кеңгір селосындағы су құбыры желілерін ағымдағы жөндеуден өткізу жұмыстары жүргізілді. Аталған жобалар – Жезқазған қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі арқылы жүзеге асырылды.
7. Теректі станциясында ауылдық клубқа күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізілді. Тапсырыс беруші – «Жезқазған қаласының мәдениет бөлімі» ММ-сі.
8. Кеңгір селосы Теректі станциясының 80 орындық мектебінің құрылысы басталды, құрылыс мерзімінің аяқталуы – 2020-2021 жж. мердігер - «БалхашПромТехстрой» жауапкершілі шектеулі серіктестігі. Тапсырыс беруші – «Жезқазған қаласының құрылыс бөлімі» мемлекеттік мекемесі .

## Селолық округтің инженерлік инфрақұрылымын дамыту

**Сумен жабдықтау**

2019 жылдың қаңтар айынан бастап қалалық автожолдар басқармасының Кеңгір селосындағы учаскесінің жұмысының тоқтатылуына байланысты, барлық коммуналдық қызметтер Жезқазған қаласының қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі арқылы жүзеге асырылды.

**Жарықтандыру**

Кеңгір селолық округіндегі көшелерді жарықтандыруға электр желілерін күтіп ұстауға және тұтынылған электр энергиясы үшін төлемге 5 миллион 950 мың теңге бөлінді.

Жалпы бүгінде Кеңгір селосы, Қорғанбай ауылы және Теректі станциясының көшелері 80% жарықтандырылған.

Кеңгір селосында 2020 жылы 18 дана көше жарықтандыру бағандары орнатылды. Бұл жұмыстарды мердігер «Горэлектросеть» АҚ атқарды.

Бұған қоса, бұл мекеме 58 дана көлеміндегі шамдарды жарықдиодты шамдарға ауыстыру бойынша жұмыстар жүргізді.

Жезқазған қаласының қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің тапсырысымен «Атакент» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі Теректі станциясында 54 көше жарықтандыру бағандарын орнату жұмыстарын жүргізді.

**Жолдар**

Аудандық маңызы бар қалаларда, ауылдарда, кенттерде, ауылдық округтерде автомобиль жолдарын күтіп ұстауды қамтамасыз етуге 2 млн.143 мың теңге бөлінді. Бұл жұмыс түрін 2020 жылдың желтоқсанына дейін жеке кәсіпкер «Сыздиков Ж.У» жүзеге асырды.

Селода 2020 жылы 19 млн.176 мың теңге қаражат, жолдарды орташа жөндеуге қарастырылды. Молодежная, Мира және Молодежная көшесінен Сәтбаев трассасына дейін жалпы көлемі – 6013,7 ш.м. жол учаскелерінде жөндеу жүргізілді. Бұл жұмыстарды жауапкершілігі шектеулі серіктестігі «РОКАДА-А» атқарды.

«Өңірлерді дамыту» бюджеттік бағдарламасы бойынша Кеңгір селосында жолдарға орташа жөндеу жүргізілді, атап айтқанда: Тимирязев, Сәтбаев, Пушкин, Школьная көшелерінде. Бұл жұмыстарға – 2 млн. 428 мың теңге қаражат қарастырылып, «Қаһарман» жеке кәсіпкерлігі атқарды.

Жезқазған қаласы Қорғанбай ауылына дейінгі автокөлік жолдарына күрделі жөндеу жүргізілді. Бұл жұмыстарға бюджеттен 720 млн.теңге қарастырылып, жалпы 30 км жол жөнделді.

## Санитарлық тазалау, көгалдандыру, абаттандыру

Селолық жерлерде жайлы өмір сүру ортасын құру үшін көшелерді абаттандыру негізгі міндеттердің бірі болып табылады.

Селоны абаттандырудың маңызды салаларының бірі – балалар алаңдарын салу болып табылады.

Кеңгір селосын одан әрі абаттандыру мақсатында саябақ аумағында спорттық-сауықтыру алаңы жабдықталды. Аталған жұмыстарға – 2 млн.400 мың теңге қарастырылып, жеке кәсіпкер «Төлеуов» атқарды.

Әуезов көшесінде орналасқан футбол алаңына ағымдағы жылы жөндеу жұмыстары жүргізілді. Бұл жұмысты «Capital-S»ЖШС орындады. Орындалған жұмыстарға 1 млн.314 мың теңге қарастырылды.

Жезқазған қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі ММ тапсырысы бойынша селода қосымша Школьная көшесінде әкімдік ғимаратының алдына және Бейбітшілік көшесіне балалар алаңдары орнатылды. Бұл жұмыстарды жеке кәсіпкер «К. Мұқашев» орындады.

Селода қатты тұрмыстық қалдықтарды жинау және тасымалдау қызметін ұйымдастыруды, бекітілген кесте бойынша аптасына үш рет дүйсенбі, сәрсенбі, жұма күндері «Сәт тазалық» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі жүзеге асырады.

Кеңгір селолық округінің аумағында екі учаскелік полиция инспекторы бекітілген.

Жыл қорытындысы бойынша әкімшілік қызметкерлері учаскелік инспекторлармен бірлесе жүргізген жұмыс барысында селоны аббаттандыру ережелерін бұзғаны үшін 30 әкімшілік хаттама толтырылды.

«Жезқазған қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары» бөлімінің тапсырысы бойынша, Кеңгір селосында көшелер мен үйлерді нөмірлеу жұмыстары жүргізілді.

## Білім және денсаулық сақтау саласы бойынша

Кеңгір ауылдық округінің білім беру саласы екі мектепті құрайды: 1-ші жалпы орта білім беру, 1 – негізгі.

№ 2 Кеңгір орта мектебінде – 399 оқушы, Теректі негізгі мектебінде – 63 оқушыны құрады.

Кеңгір ауылындағы мектепке дейінгі балалардың жалпы саны 300 баланы құрайды, оның ішінде: 2 жастан 3 жасқа дейінгі 20 бала «Айгөлек» шағын орталығына, 3 жастан жоғары 25 бала «Балапан» шағын орталығына барады. Мектепалды даярлық сыныптарында 50 бала айналысады.

2020-2021 жылғы оқу жылында қазіргі эпидемиологиялық жағдайға байланысты еліміздің барлық мектептерінде 1-11 сыныптар үшін оқытуды дистанциялық форматта бастады.

«Кезекші» сыныптардың жұмыс істеуі, бастауыш сынып оқушыларының жас ерекшеліктеріне байланысты санитарлық қауіпсіздік шаралары барынша сақталып ұйымдастырылды.

Әлемде орын алған эпидемиологиялық жағдайдың қиындығына қарамастан мектебіміздің оқушылары спорттық, мәдени іс-шаралардан қалмай, жүлделі орындарға ие болып жүр.

Сондай жарыстардың бірі – Екібастұз қаласында өткен 2004-2005 ж.т. қыздар арасындағы бокстан Қазақстан Республикасының чемпионаты. Осы жарыста мектебіміздің оқушысы Адишева Анита І орын иеленді.

Бақыт Аян Нұрсұлтан қаласында «BOXING QZQ» Академиясының жасөспірімдер арасындағы турнирде бокстан жүлделі І-ші орынға ие болды.

2020-2021 Қазақстан Республикасының ауыл мектептерінің 5-6 сынып оқушылары арасында өткен «Мың бала» ұлттық олимпиадасында, 6 «Б» сынып оқушысы Күзентай Нұрай жүлдегер атанып, «Елбасы Академиясы» корпоративтік қорының дипломы мен ноутбугіне ие болды.

3-4 желтоқсан аралығында республикалық V-ші «CLEVER-2020» облыстық пәндер олимпиадасында мектеп оқушылары Байұзақ Ілияс жүлделі ІІІ орынды, Асылбек Бақнұр жүлделі ІІ орындарды иеленді.

Ауылымызда 1 емхана филиалы орналасқан. Емханада 1 жалпы тәжірибелік дәрігер, 3 медбике жұмыс атқарады. Теректі, Қорғанбай, Түйемойнақ ауылдарында фельдшерлік-акушерлік пунктер жұмыс істейді.

Село бойынша емханаға 2030 тұрғын тіркелген, 1 жасқа дейінгі – 35 бала, 53 – жүкті әйел. Тұмауға қарсы 500 дана вакцина жасалды.

Жезқазған қаласы әкімдігінің және «Жезқазған қаласының емханасы» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының қолдауымен Кеңгір селосында әлеуметтік-дәріхана бөлмесі ашылды, оған аптасына бір рет қажетті дәрілік заттар әкелінеді.

Жезқазған қалалық емханасы Кеңгір филиалының мәліметі бойынша ағымдағы жылдың маусым айында 327 өтініш тіркеліп, коронавирусқа тестілер 29 адамда расталды, стационарлық емнен 10 адам өтті. Коронавирустық инфекцияның жеңіл түрімен ауырған 58 адам үйде ем алды. Бұл ретте олар үнемі медициналық бақылауда болды.

Осындай қиын уақытта Кеңгір ауылдық округінің тұрғындары бір-біріне үлкен қолдау көрсетті. Теректі станциясының тұрғындары 350 литр қымыз түрінде көмек көрсетті: оның ішінде: 100 литр Жезқазған қаласының көпсалалы ауруханасына, 100 литр қарттар үйіне берілді, ал қалған 150 литр Жезқазған қаласының мұқтаж адамдарына таратылды.

**Мәдениет саласы бойынша**

Кеңгір селосы мәдениет үйінде – домбыра, би үйірмелері ұйымдастырылған. Домбыра үйірмесінің жетекшісі Дәулет Айтболатұлы, мектеп оқушыларымен бірге әр түрлі іс-шаралар өткізеді. Атап айтатын болсақ, Жезқазған қаласының туған күніне орай ұйымдастырылған конкурсқа қатысып, үйірме оқушылары Сапабек Уәлихан және үйірме жетекшісі Асқар Дәулет Айтболатұлы қала әкімінің алғыс хатымен марапатталды.

Қалиева Дәметкен «Өнерпаз» шағын өнер орталығы, 5-15 жас аралықтарындағы балаларға арналған би мектебін ашты

Теректі станциясының мәдениет үйі биыл «Жұмыспен қамту 2020- жол картасы» бағдарламасы аясында күрделі жөндеуден өткізілді.

Окургтегі барлық кітапханалар ауыл тұрғындарына қызмет көрсетеді жыл сайынғы іс-шаралар жоспарланып, бірқатары еліміздегі жағдайға байланысты онлайн-режимінде өткізілді.

«Жұмыспен қамту 2020 жол картасы» бағдарламасы аясында «Жошы хан» тарихи-мәдени кешенін салынды. Тапсырыс беруші – Жезқазған қаласы құрылыс бөлімі мемлекеттік мекемесі. Құрылыс мерзімінің аяқталуы – 2021 жыл.

**Әкімшілік**

2020 жылы жергілікті өзін-өзі басқару қауымдастығының 2 жиыны өткізіліп, село әкімінің 2019 жылғы атқарған жұмыс есебі, мал жайылымының бағыттарын анықтау, округтегі санитарлық жағдай, мал ұрлығының алдын алу туралы жергілікті маңызы бар мәселелер қарастырылды.

Сондай-ақ, есепті кезеңде жергілікті өзін-өзі басқару қауымдастығы мүшелерінің 12 жиналысы өткізілді. Бұл жиналыстар барысында: Кеңгір селолық округінің 2020-2022 жылдардарға арналған даму бағдарламасы, Кеңгір селолық округінің 2020 жылғы бюджетіне толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы, жергілікті өзін-өзі басқарудың кіріс көздерін қалыптастыру және пайдалану мәселелері, «Кеңгір селосы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің 2019 жылғы бюджеттің орындалуы туралы есептері талқыланды. Аталған мәселелер бойынша шешімдер қабылданып, оларды жүзеге асыру бойынша тиісті шаралар атқарылды.

Жыл басынан бері әкімшілікте 450 кіріс хаттар, 225 шығыс хаттар, жеке тұлғалардан 8 өтініш, заңды тұлғалардан 1 өтініш тіркелді. Барлық хаттар, өтініштер уақытылы қаралып, заңмен белгіленген мерзімде жауаптары ұсынылады.

Наурыз айында төтенше жағдай жариялануына байланысты, мемлекеттік қызметтерді көрсету әкімшілік ғимаратында «Өзіне-өзі қызмет көрсету» бұрышы арқылы атқарылды. Электрондық кілттер, анықтамалар алу, тағы сол сияқты қызмет түрлерін тұрғындар уақытылы алып отырды.

Коронавирус пандемиясына байланысты жарияланған төтенше жағдай, Қазақстан экономикасына да теріс ықпалын тигізді. Көптеген азаматтар жұмыссыз қалып, кәсіпкерлердің де бизнесі тоқтап қалды. Уақытша қаржылық қиындыққа тап болғандар үкімет тарапынан 42500 қаржы көлемінде көмектер алды.

20 наурызда Қазақстанның Тұңғыш Президенті – Елбасы қиын кезеңде ел-жұртқа көмектескісі келетін және жәрдем бере алатын адамдардың қаражаты жинақталатын республикалық қор құруды ұсынды. Нұрсұлтан Назарбаевтың коронавирусты еңсеруге қатысты үндеуін отандық бизнес өкілдері қолдап, «Biz Birgemiz» қоғамдық қорына қаржы аудара бастады.

Селомызға бизнес өкілдері өз қол ұштарын беріп, қайырымдылық акциясын ұйымдастырды. «Алпар Групп» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі осы акция аясында округтегі аз қамтылған, көп балалы, жалғыз басты қарттар мен аналарға азық-түлік жиынтығы түрінде 70 тұрғынға көмек көрсетті. Тағы 30 шақты тұрғынға волонтерлар көмек көрсетті, тегін маскалар тігіліп, таратылды.

***Құрметті тұрғындар!***

Ағымдағы 2021 жылы жүзеге асырылатын жобалар:

«Кеңгір селосы әкімінің аппараты» ММ-нің 2021 жылға арналған бюджет жобасы:

001 бағдарламасы бойынша «Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтерге» – 47033,0 мың теңге қарастырылған.

008 бағдарламасы бойынша «Елді-мекендердегі көшелерді жарықтандыруға» – 14757,0 мың теңге;

011 бағдарламасы бойынша «Елді-мекендерді абаттандыру мен көгалдандыруға» – 22000,0 мың теңге:

013 бағдарламасы бойынша «Аудандық маңызы бар қалаларда, кенттерде, ауылдарда (селоларда), ауылдық (селолық) округтерде автомобиль жолдарының жұмысын істеуін қамтамасыз етуге – 1 млн 500 мың теңге.

040 бағдарламасы бойынша «Өңірлерді дамыту» бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша шараларды іске асыру» бағдарламасы бойынша 2720,0 мың теңге.

Қарағанды облысы Жезқазған, Сәтбаев қалаларының және Ұлытау ауданын әлеуметтік-экономикалық дамуының 2019-2022 жылдарғы арналған кешенді жоспары аясында селомызда 2021 жылы 140 орындық балабақша құрылысына жер телімі белгіленіп, бүгінгі күні құжаттары әзірленуде.

Жеке тұрғын үй құрылысын салу үшін 100 жер теліміне инженерлік инфрақұрылым жұмыстарына жобалық-сметалық құжаттама әзірленді.

Әкімшілікке жүктелген үлкен жауапкершілікті біле отырып, халықтың әл-ауқатын жақсарту, халықпен бірлікте болу, олардың қажеттіліктерін түсіну және уақытылы көмек көрсету – мен үшін үлкен мәртебе.

ҚАЛА ӘКІМІНІҢ ЕСЕБІ ҚАРСАҢЫНДА

# САРЫКЕҢГІР СЕЛОЛЫҚ ОКРУГІНІҢ ӘКІМІ Е.АЯНБАЕВТЫҢ 2020 ЖЫЛЫ АТҚАРҒАН ЖҰМЫСТАРЫ ТУРАЛЫ ЕСЕБІ

Мемлекет басшысы Қ.К. Тоқаевтың 2020 жылғы 1 қыркүйектегі «ЖАҢА ЖАҒДАЙДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН: ІС-ҚИМЫЛ КЕЗЕҢІ» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру мақсатында Малшыбай селосында 6 адам тұрақты жұмыспен қамтылды. 1 адам жұмыссыз ретінде тіркеуде.

Малшыбай селосында жеке кәсіп ашып, оны дамытуға, бизнесті өркендетудің тұрақты көздерін қалыптастырып, жеке инвестицияны ынталандыру және нарық еркіндігін қолдау мақсатында 12 шаруа қожалығы мемлекеттік бағдарламаларға қатысты. Оның ішінде: 9 шаруа қожалығы ірі қара малдарын асылдандыру бойынша субсидия алды. 3 шаруа қожалығы «Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған» бағдарламасы арқылы 12 млн. теңге алды.

Цифрлық Қазақстан бағдарламасын іске асыру және электрондық мемлекеттік қызметтерді кеңінен тарату аясында Малшыбай селосының әкімдігінде «өзіне-өзі қызмет көрсету бұрышы» жұмыс жасауда. Электрондық цифрлық қолтаңбасы (ЭЦҚ) бар тұрғындар мемлекеттік қызметтерді электронды форматта Жезқазған қаласына бармай-ақ халыққа қызмет көрсету орталығына (ХҚКО) жүгінбестен «өзіне-өзі қызмет көрсету бұрышы» арқылы ала алады.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заң талабының аясында «Сарыарқа – адалдық алаңы» жобасы аясында Малшыбай ауылында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мақсатында ауыл тұрғындарымен ақпараттық жұмыс жүргізілді. Жобаның міндеті – азаматтардың мемлекеттік билік институттарына сенімін арттыру, жемқорлық деңгейін төмендету және сыбайлас жемқорлықты қабылдамаудың қоғамдық ахуалын қалыптастыру болып табылады. Жобаны іске асыру бағыттары – тұрмыстық жемқорлықты жою және азаматтарға қолайлы жағдайды жасау, қоғамдық бақылауды іске асыру, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру.

Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында белгіленген белестердің бірі – «Туған жер» бағдарламасы аясында ауылымыздың 2000 жылы мектеп бітірген түлектері мектеп бітіргендеріне 20 жыл толуына орай ауыл саябағына «МАЛШЫБАЙ» жазуын орнатты.

Селомызды көркейту мақсатында «Жезқазған қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары» мемлекеттік мекемесі бюджетінен 26 млн теңгеге ауылға саябақ салынды және саябаққа 150 дана тал отырғызылды.

Жаңа жылдық шырша селоның орталығына орнатылды.

Малшыбай селосы Жезқазған қаласынан 91 шақырым қашықтықта орналасқан. Қазіргі таңда ауылдық округте 85 отбасында 414 адам тұрып жатыр. «Малшыбай селосы әкімінің аппараты» ММ-не 45904 мың теңге қаржы бөлініп толығымен игерілді.

Село әкімдігі ауыл экономикасының негізін құраушы шаруа қожалықтарын құру мен дамытуға, ауылдағы кәсіпкерлікті ынталандыруға ерекше көңіл бөледі. Бүгінгі күні селолық округте 85 шаруа қожалығы тіркеліп, оның 59-ы жұмыс жасауда. Селоның жалпы жер көлемі 331 128 гектарды құрайды, оның ішінде 169592,9 гектар ауыл шаруашылығына пайдалануда және 405 гектар шабындық.

Ауыл негізінен мал шаруашылығымен айналысады.

Былтырғы жылмен салыстырғанда МІҚ 9%, қой-ешкі – 12,5%, жылқы 9% өсті. Бұл селоның ауыл шаруашылығының дамып келе жатқанын көрсетеді.

Сонымен қатар жұқпалы ауруларға қарсы егіп-емдеу, оларды анықтау мақсатында қан алынып, тексеру жұмыстары кесте бойынша жалғасуда.

**Ауылымыздағы мал басының жағдайы келесі кестеде көрсетілген:**

| | 01.01.2020 ж. | | | | 01.01.2021 ж. | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | **МІҚ** | **Қой-ешкі** | **Жыл-қы** | **Түйе** | **МІҚ** | **Қой-ешкі** | **Жыл-қы** | **Түйе** |
| **Шаруа қожалықтары** | 1748 | 4623 | 2420 | 15 | 1969 | 5573 | 2581 | 18 |
| **Жұртшылық шаруашылығы** | 418 | 959 | 500 | - | 415 | 809 | 623 | - |
| **Барлығы** | **2166** | **5582** | **2920** | **15** | **2384** | **6382** | **3204** | **18** |

## Білім беру саласы

№15 Малшыбай негізгі мектебі. Жалпы мектепте қазіргі таңда 42 оқушы білім-тәрбие алуда. Оларға 11 ұстаз дәріс береді. Ауыл мектебі түгелдей комьютерлендірілген, мектеп интернет желісіне қосылған.

№15 негізгі мектебінде 15 орындық шағын орталық жұмыс істейді.

№15 Малшыбай негізгі мектебіне жылу қазандығы арқылы жылу беріліп тұр. Мектеп толық отынмен қамтылған. Күнделікті температура сақталып қадағалануда.

Мектепті «Жезқазған қаласының білім бөлімі» ММ-сі төмендегі заттар мен жабдықтады

Шаңғы – 15 дана бағасы 219 мың 435,00 теңге

Коньки –15 дана бағасы 117 мың 432,00 теңге

Компьютер –15 дана бағасы 4 млн 455мың теңге

Ноутбук – 10 дана бағасы 1 млн 599 мың теңге

Интерактивті тақта «Aiala» 65 дюйм – 1 дана 702 мың 240 теңге

Жылу қазандығына генератор – 1 дана 800 мың теңге

Селолық округте бүгінгі таңда С. Сейфуллин атындағы кітапхана филиалы тұрғындарға қызмет көрсетуде. Жергілікті бюджет есебінен кітап қоры жыл сайын толықтырылуда, бүгінгі таңда кітап қоры 5 425 данаға жетті оның ішінде мемлекеттік тілде 5270 кітап.

Селода 1 фельдшер жұмыс істейді. Жоспарланған кестеге сәйкес уақытылы балаларды егу, вакциналау және емдеу жұмыстары жүргізіліп отырылады. «ДамуМед» жедел қызметке қолжетімділік бағдарламасымен село тұрғындары 99% тіркелген. Қазіргі ахуалға байланысты Малшыбай селосы бойынша коронавирустың алдын алу іс-шаралары жүргізілді. Пандемия басталған уақыттан бастап күнделікті ауыл тұрғындарына адамдардың көп жиналмауы оның ішінде ас беру, жиын тойлар жасамау туралы ескертулер жасалды. Селоға аптасына бір рет Жезқазған қаласындағы «Ұлытау» дәріханасынан келіп дәрі-дәрмектер қажеттілігінше, ұсыныстармен қамтамасыз етілуде. Ауру белгілері тіркелген жоқ. Ауыл фельдшері күнделікті ауылды аралап насихат жұмыстарын жүргізуде.

№15 негізгі орта мектебінде» санитарлық режим сақталуда.

Сабаққа келген әр оқушыны дене қызуын өлшеп, маскамен кіргізеді. Әр үзіліс сайын мектепті дымқыл шүберекпен сүртіп, кабинеттерді желдетеді. Сынып кабинеттерінде арақашықтық сақталған, әр сынып бір оқу кабинетте отырады. Сабақ біткеннен кейін кварц шамымен дезинфекцияланады.



Спорттық, бұқаралық және мәдени іс-шаралар жүргізілуге тиым салынған. Мәдени және мектептен тыс іс-шаралар онлайн режимінде өтеді.

Село әкімі мен оның аппараты өз өкілеттіктеріне сәйкес тұрғындарды әлеуметтік қорғау шараларын жүзеге асыруға, яғни, аз қамтылған отбасылары анықтап, олардың есебін жүргізуге, оларды қолдауға көңіл бөледі.

Селода жеті алтын, екі күміс алқа аналар және 61 зейнеткер, әр топтағы 8 мүгедек адам тұрады.

Малшыбай селосында 29 жасқа дейінгі 24 жас тіркелген, олардың 17-і әр түрлі мамандықтар бойынша білім алуда.

Село тұрғындарына ауыз су үздіксіз беріліп тұрады. Қазіргі уақытта ауылда 14 колонка және 8 өрт сөндіру гидранты жұмыс істеуде, қалалық автокөлік жолдары басқармасы қызмет көрсетуде.

Автомобиль жолдарын күтіп ұстауға – 500 мың теңге қыс айларында қар тазалау жұмыстарына жұмсалды.

Селолық округтегі елді-мекендер «Казақтелеком» телефон байланысымен және «Beeline» ұялы байланысымен қамтамасыз етілген. Әкімдік пен мектеп интернет жүйесіне қосылып жұмыс істеуде.

Жергілікті бюджеттен «Қазақстан Республикасы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару» заңына сәйкес 173 мың теңге түсті, жергілікті қауымдастықтың шешімімен елді-мекеннің көшесін жарықтандырудың электр энергиясына төленді.

Малшыбай селосы әкімінің аппаратының ғимаратына күрделі жөндеу жұмыстарына жергілікті бюджеттен 23 млн. 812 мың 251 теңге жөндеу жұмыстары жүргізілді.

Облыстық автомобильдер жолдар басқармасы арқылы 2020 жылы Сәтбаев – Малшыбай 37-50 шақырым аралығында тас жолына күрделі жұмыс жүргізілді.

## 2021 жылға жоспарланған жұмыстар

Малшыбай селосы ауыз су құбырларын, сметалық құны 8 млн 264 мың теңге көлемін құрайтын жөндеу жүргізуге «Жезқазған қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары» мемлекеттік мекемесі арқылы 2021жылға жоспарланған.

Селолық округтегі шаруа қожалықтарымен сөйлесіп 18 гектар жерге картоп өнімін және 2 гектар жерге көкөніс егу жоспарлануда.

# ТАЛАП СЕЛОЛЫҚ ОКРУГІНІҢ ӘКІМІ Ғ.БИТЕНОВТІҢ 2020 ЖЫЛЫ АТҚАРҒАН ЖҰМЫСТАРЫ ТУРАЛЫ ЕСЕБІ

***Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Қазақстан халқына Жолдауындағы аталып өтілген мақсаттар мен міндеттерді орындауда Талап ауылдық округі бойынша 2020 жылы атқарылған жұмыстары туралы өз есебімді бермекпін.***



**Округ бойынша статистикалық көрсеткіштер**

Жер көлемі – 44558 га

Тұрғындар саны – 646

Оның ішінде экономикалық белсенді адамдар саны – 237

Зейнеткерлер – 87

1,2,3 топтағы мүгедектер – 28

Көпбалалы жәрдемақы алушылар – 14

Үй саны – 149

**Әлеуметтің нысандар:**

Әкімшілік ғимарат – 1

ЖОББМ №14 мектеп – 1

Дәрігерлік пункт –1

Дәріхана – 1

Клуб – 1

Кітапхана – 1

Байланыс бөлімшесі – 1

Мал дәрігерлік пункті – 1

Учаскелік полиция бөлімі – 1

Наубайхана – 1

Сұлулық салоны -1

Шаруашылық субьектілері

Шаруашылық қожалықтары – 39

Азық-түлік дүкендері – 2

Бүгінгі күні Талап селолық округінде әлеуметтік-экономикалық ахуал тұрақты. Ауыз су, жарық халыққа тұрақты түрде үздіксіз беріліп тұрады.

Жергілікті өзін-өзі басқару қызметтерін жүзеге асыруға бағытталған қаржының түсуі мен жұмсалу жоспары талқыланады. Жұмсалатын қаражатты қадағалау үшін 5 адамнан тұратын мониторингтік комиссия құрылған.

«Жұмыспен қамту 2020 жол картасы» аясында ауылымызда екі жоба жүзеге асырылып осы жол картасын іске асыру мақсатында селодағы Д.Бектепберген көшесінің су құбырын ауыстыру- жөндеу жұмыстарына 5 млн 800 000 тг бөлініп, тендер арқылы «Медет» ЖК жеңіп алып, келісім-шарт жасалып жұмыстар жүргізілді. Осы жұмыс барысында осы көшедегі аз қамтылған 3 отбасыға «Медет» ЖК есебінен тегін үйіне дейін су құбырын тартып берді. 2 жұмыссыз тұрғын ауысымдық жұмысқа тартылды.

Екінші жоба ауыл саябағын сыртқы қоршау жұмыстарына «Адал еңбек» ЖШС 8 млн 664 000 тг жеңіп алып, бүгінгі күні бұл жұмыстар 100 пайыз орындалып, жұмыстар толық жүргізілді. Осы жоба аясында село тұрғындары арасынан 3 жұмыссыз ауыл тұрғыны ауысымдық жұмысқа тартылды.

Және жергілікті бюджеттен селолық әкімшілік ғиматының сыртқы жөндеу жұмыстарына «BEK-TEMIR Құрылыс» ЖШС 7 млн 500 000 тг ұтып алып, жөндеу жұмыстары жүргізілді. Бұл құрылыс жұмыстарына Талап селосының екі жұмыссыз тұрғыны екі айға жұмысқа тартылды.

Қызылорда – Астана Сарыарқа магистральді газ құбыры біздің елді-мекен арқылы өтеді. Бүгінгі күні Талап ауылының 149 үйінің алдына газ құбыры жеткізілді. Келешекте есік алдына дейін келген газ құбырын үйге кіргізу жұмыстары жоспарлануда.

Тиімді шағын және орта бизнес – қала мен ауылды дамытудың берік негізі. Шағын, әсіресе микробизнес еліміздің әлеуметтік-экономикалық және саяси өмірінде маңызды рөл атқарады. Атап айтсам, ең алдымен ауыл тұрғындарына тұрақты жұмыс береді, жұмыссыздықты азайтады. Ауыл тұрмысының сапалы болуын қамтамасыз етпей, ауыл шаруашылығының өнімділігін арттыру мүмкін емес.

Талап селолық округі бойынша шаруа қожалықтары мен үй шаруашылықтарының статистикалық мал санының көрсеткіштері:

Ірі қара саны – 1184

Ұсақ малдар – 3019

Жылқы – 1089

Жоспар бойынша ауыл шаруашылық малдарына әр түрлі егіп, емдеу, бірдейлендіру және қаңғыбас иесіз иттерді аулау жұмыстары тұрақты жүргізіледі.

Талап селосы бойынша «2020-2021 жылдарға арналған «Еңбек» нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамыту» бағдарламасы бойынша төмендегідей жұмыстар атқарылды.

Талап селосының тұрғындары арасында мал шаруашылығын дамыту барысында, оның ішінде жылқы малын өсіруге ауылымыздың 1 тұрғыны 3 млн 800 000 тг және мүйізді ірі қара малын көбейтуге 1 тұрғынымыз 4 млн тг төменгі пайызбен несие алып, өз істерін жүргізуде.

1 шаруа қожалық иесі ұсақ мал өсіруге 4 млн және тағы 1 шаруа қожалық иесі 8 млн 200 мың тг несие алып, ірі қара мал басын асылдандыруда өз істерін жүргізуде.

Биылғы жылғы 14-тен 29 жасқа дейін жастарға арналған бірегей бағдарлама «Zhas Project» (жас проджект) әлеуметтік жобасына Талап ауылынан жастар конкурсқа қатысып Ж.Сайдалиева 1 млн тг сұлулық салонын ашуға (келісім-шарт бойынша 2 адам жұмыспен қамтылады) және М.Зейнелғабденов 1 млн тг шағын наубайхана ашу үшін (келісім-шарт бойынша 2 адам жұмыспен қамтылады) гранттар иеленіп, бүгінгі күні өз жұмыстарын жүргізуде.

Келісім-шарт негізінде 2020 жылдың 25 тамызы және 2021 жылдың қаңтар айының 10-ы аралығында сұлулық салоны ауыл тұрғындарына жалпы тегін шаш қию қызметін көрсетсе, ал наубайханада әлеуметтік жағдайы аз қамтылған тұрғындарға аптасына үш рет тегін нан таратылды.

## Денсаулық сақтау

Медициналық қызмет көрсетудің сапасы мен қолжетімділігін қамтамасыз ету бойынша 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап Қазақстанда міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі іске қосылды.

Бүгінгі күні медицина саласы бойынша округте фельдшерлік акушерлік пункт қызмет көрсетеді. Қалалық емханадан бекітіп берілген жұмыс кестесі бойынша жұмыс атқаратын 1 медбике және ЖОББ №14 мектепте 1 медбике бар.

Бүгінгі күні ауылымызда қалалық емхананың атынан әлеуметтік төмен бағамен дәріхана филиалы ашылды.

2020 жылы фельдшерлік бөлімшеге тіркелген адам саны – 659

Бөлімшеге келіп емделгендер саны – 528

Үйге шақыртулар – 321

Скрининг бойынша тексеруден өткендер – 165

Округ бойынша жылжымалы рентген көлігі келіп ауыл халқы 100 пайыз флюорографиялық тексерістен өтті. Бүгінгі күні ауылдың біршама тұрғындары «Даму мед» интернет желісі арқылы қалалық емханаға дәрігерлердің қабылдануына тіркеліп, тиісті ем-домдарын алуда.

Төтенше жағдай кезінде COVID-19 вирусынан сақтану мақсатында ауыл тұрғындарына жиын-тойларды болдырмау үшін алдын-ала ескерту қағаздары таратылып, түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Карантин кезінде ауылымыздың №14 мектептің ұстаздар ұжымы мен оқушылар қашықтан оқыту жүйесіне көшті. Мектеп ғимараты және балалар ойын алаңы дизенфекцияланып, тазалық жұмыстарын тұрақты түрде жүргізіп отырды.

Карантин кезінде қоғамдық көлік таңғы сағат 06:00-ден 10:00-ға дейін және сағат 17:00-ден 21:00-ге дейін жүрді. Қаламен екі ортадағы автобус қатынау маршруты қысқартылып, әр рейс автобустарын дизенфекция жүргізу жұмыстары талап етіліп отырылды. Және басқа елді-мекеннен келген жолаушыларға, іссапарға келген жұмыскерлерден карантин кезінде тиісті ПЦР тест анықтамасын сұрау талап етіліп отырды.

Ауыл дүкендерінде ауыл медбикесі арқылы ауыл әкімдігі тарапынан карантин кезінде барлық сақтандыру шараларын жүргізуді талап етіліп отырды.

Пандемия кезеңінде ауыл медбибісі Омарова Кулшат Сапарбекқызының елеулі еңбегін атап өтпеу мүмкін емес.

## Білім саласы бойынша

Селодағы №14 ЖОББ мектебінде 106 бала дәріс алады. Мектеп ішіндегі шағын орталықта 25 орындық балабақша бар. Бүгінгі күні халықтың балабақшаға сұранысы толық қанағаттандырылды.

Мектебімізде тілдер кабинеті лингафонмен жабдықталған және ер балалар мен қыз балаларға арналған технология кабинеттері, физика кабинеті және робототехника кабинеті жаңа үлгідегі жиһаздармен жабдықталып, пайдаланылып отыр.

Қыс уақытында оқушылардың салауатты өмір салтын қалыптастыру мақсатында мектеп ауласының ішінен мұз айдыны және сырғанақ тебуге арналған орындар салынды.

Қоғамдық тәртіп бойынша ауыл участкелік инспектормен қамтамасыз етілген. Бүгінгі таңда инспектор қызметтік көлікпен қамтамасыз етілген.

Құқық бұзушылық пен қылмыстардың алдын алу бойынша ауыл тұрғындары мен жасөспірімдер арасында жоспарлы профилактикалық түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Спирттік ішімдік сатумен айналысқан 1 азық-түлік дүкеніне ӘҚБтК 200 бабымен хаттама толтырылып, Жезқазған қалалық сотында жадығат қаралып 107 000 мың тг айыппұл салынды. Жыл бойы отбасылық зорлық-зомбылық дерегі тіркелмеген.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың төтенше жағдай кезінде коммуналдық қызмет шығындарын өтеу ережесі бекітілген болатын.

Осы кезеңде әлеуметтік көмекке ауыл тұрғындарынан 45 адам өтініштерін беріп, жәрдемақыларын алды.

Көпбалалы аналарға мемлекет тарапынан берілетін көмекті ауылымыздағы 14 отбасы алды.

Төтенше жағдай кезінде карантинге байланысты ауылымыздағы аз қамтылған 7 отбасына демеушілер тарапынан азық-түлік пакеті таратылды.

2020 жыл «Еріктілер жылы» болып жарияланғаны баршамызға белгілі. Соған сәйкес ауылымыздағы еріктілер тобы тарапынан жағдайы төмен 2 отбасыға өз еріктерімен өздерінің есептері арқылы үйінің сыртқы және ішкі беттеріне жөндеу жұмыстарын жүргізіп көмектесті.

Осы карантин кезінде Жезқазған – Қызылорда тас жолы бойында блокбекетте кезекшілікте тұрған қызметкерлерге (МАИ қызметкерлері) әкімшілік ұжымы тарапынан және ауыл тұрғындарының қалауымен ыстық тамақпен қамтамасыз етілді.

Талап ауылының тұрғындары және шаруа қожалық иелері тарапынан Жезқазған қаласының көпбейінді ауруханасындағы науқастар мен ақ халатты абзал жандарға ауылшаруашылық өнімдері қымыз, шұбат, құрт, сүт, сүзбе құрт, қой еттері және қаржылай көмек көрсетілді.

1 маусым – Халықаралық балаларды қорғау күні қарсаңында демеушілердің көмегімен көпбалалы және аз қамтылған отбасы балаларына тегін балмұздақ таратылды.

## Мәдениет саласы бойынша

Бүгінгі күні ауыл тұрғындарына С.Сейфуллин атындағы кітапхана бөлімшесі қызмет көрсетеді, ондағы кітап қорының саны – 7923 дана. Кітапхана меңгерушісі Р. Байбосынова карантин кезеңіне байланысты барлық жоспарлы іс-шаралар онлайн түрде өткізді. Атап өтсек, «Келіндер сайысы». Жүлдегерлер арнайы сый- сияпатпен марапатталды. 1-желтоқсан Президент күніне арналған «Бейбітшілікті тербеткен Президент» тақырыбындағы онлайн сабақ, «Адамзатқа төнген қауіпті дерт» наразылық сағаты.

Клуб меңгерушісі Д.А.Тлемисованың ұйымдастыруымен әр мереке уақыттарында онлайн концерттер жүргізіліп отырды. «Өнегелі өмір» атты сыр-сұхбат жүргізілді.

Жаңа жыл қарсаңында аз қамтылған және көпбалалы отбасы балаларына әкімшілік тарапынан сыйлықтар таратылды.

Талап селосында бүгінгі күні «Қазақтелеком» АҚ телефон жүйесіне 122 үй қосылған, оның ішінде 92 үй «Megaline» жүйесіне қосылған. Жылдамдығы 4,8 -8 Мг аралығында. Алдағы уақытта интернет жылдамдығын арттыру мақсатында жұмыстар жүргізілуде.

## Коммуналдық сала бойынша

Елді-мекенді абаттандыру, санитарлық тазалау бойынша біршама жұмыстар ойдағыдай атқарылды. Қыс уақыттарында автокөлік жолдарын көлік қызметтерін қамтамасыз етуге яғни елді-мекендердің ауыл көшелерін қарын тазалау жұмыстары бойынша тендер ойнатылып, жеңімпаздармен келісім шарт жасалып, тазалау жұмыстары толығымен орындалды.

Көктемгі 3 айлық санитарлық тазалыққа байланысты ауыл іші күл-қоқыстан тазартылып отырылады. Селодағы аялдамаларға, балалар ойын алаңдарында сырлау жұмыстары жүргізіліп отырады.

Көктемгі су тасқынына байланысты және өрт сөндіруге байланысты 3 ерікті өрт сөндіру тобы құрылған.

Қорытындылай келе 2020 жылы біршама жұмыстар атқарылып, атқарған жұмыстарымызда белсенді түрде көмек көрсеткен мекеме басшыларына, жалпы барлық ауыл тұрғындарына рахмет айтамын. Алда да Елбасымыздың саясатын қолдай отырып, көптеген жоспар бойынша жұмыстар мен міндеттерді ауыл тұрғындарымен бірлесе отырып орындаймыз деп сенемін.

Имандылық ірімдері

# ИСЛАМОФОБИЯНЫ ТУЫНДАТАТЫН СЫРТҚЫ және ІШКІ ФАКТОРЛАР

***Әлемдік тәжірибеде түрлі тараптардың өз мүдделері үшін Таяу Шығыста саяси текетірестер жүргізулері нәтижесінде, ислам әлемі ыдырап, әлеуметтік, экономикалық және ғылыми-танымдық салаларда артта қалып жатқан жайы бар. Бұндай үдерістердің орын алуының себептері көп. Сыртқы күштердің ықпалы бұл жағдайда басымырақ болып көрінеді. Себебі, ислам әлемі мен мәдениетіне қарсы ашық қарсылықтар, исламофобияның таралуына жұмсалып жатқан еңбек пен қаражаттар жоғарыда аталған мәселенің дәлелі.***




Исламофобия – ислам дініне қарсы немесе мұсылмандарға қатысты қалыптасқан қарсы реакциялар. Европалық шығыстанушы ғалым Этьен Дине 1922 жылы «Батыстың көзімен қарағандағы Шығыс» деген эссесінде «Исламофобия» ұғымын алғаш қолданысқа енгізді. Десек те, исламофобия көрінісін орта ғасырларда исламдық араб халифатының Европаның біраз аймағында, Андалусияда үстемдік ету кезеңінен бастау алғанын тарих беттерінен байқауымызға болады.

Бүгінгі күні исламға деген тұрпайы көзқарас, яғни исламофобия әлемдік деңгейде белең алып тұр. Сондай-ақ, қазіргі жаһандану, өркениет-мәдениет, діндер қақтығысы, шығыс пен батыс, адамзаттың психологиялық күйзелісі секілді мәселелермен бірге қаралуда. Бұлай ауқымды қаралуына себеп, бәріміз білетін 2001 жылы 11 қыркүйекте Америкада болған террорлық оқиға. Осы оқиғадан кейін бұл терминнің аясы әлемдік деңгейде кеңейе түсті.

Бұл оқиғаны басынан өткерген АҚШ антиисламдық бағытта көптеген әрекеттер жасады. Мәселен, Исламды «құбыжық» қылып көрсету мақсатындағы фильмдер, БАҚ және медиа көздер арқылы таралған жаңсақ ақпараттар, тағысын тағылар.

Жаһандық күштердің исламофобияны туындату себептері жайында түрлі теориялар бар. Солардың негізгілерін мысалға келтіретін болсақ:

Мұсылман елдерінде әлемнің 70% табиғи ресурстары шоғырланған. Алпауыт елдер осы бай мұсылман мемлекеттерін өз ішінен ыдыратып, қазынасын игеруді мақсат етеді.

> *• Европалық шығыстанушы ғалым Этьен Дине 1922 жылы «Батыстың көзімен қарағандағы Шығыс» деген эссесінде «Исламофобия» ұғымын алғаш қолданысқа енгізді.*

Араб өлкелері ғылым мен технологияға енді ден қойып келе жатқан тұста, қасақана алауыздақтар ұйымдастыру, яғни бәсекелестіктен туындаған күрес. Тыныштық, бейбітшілік болмаған елде тұрақтылық пен даму болмайтындығы белгілі. Бәсекелестікте алға шыққан өндіруші, артта қалған тұтынушы қоғамға айналатындығы рас. Сондықтан экономикалық бәсекелестік пен ықпалдылыққа қол жеткізуде идеологиялық, психологиялық шабуылдар көбіне биологиялық немесе химиялық қарудан да тиімді болып келетіні анық.

Бүгінгі таңда Европа елдерінің негізін құрайтын ұлттардың өзі ислам дінін қабылдап жатыр. Мәселен, Францияда халықтың 8-9%, Нидерландыда – 10%, Швейцарияда – 5%, Германияда 3,7%-ын мұсылмандар құрап тұр. Жалпы Еуроодақ елдерінде мұсылмандардың өсуіне себепші болып жатқан мигранттар және олар үшінде ыңғайлы мекен сол аймақтар болуда.

> *• Бүгінгі таңда Европа елдерінің негізін құрайтын ұлттардың өзі ислам дінін қабылдап жатыр. Мәселен Францияда халықтың 8-9%, Нидерландыда – 10%, Швейцарияда – 5%, Германияда 3,7%-ын мұсылмандар құрап тұр.*

Дегенмен, исламофобия көрінісі қоғамдық деңгейде әлі де жүріп жатыр. Мысалы, «Калининградта жүргізуші жүкті мұсылман әйелді шығарып жіберді», «Лондонда исламофобиялық шабуылдар 65%-ға жиіледі», «Австрияда бір айдың ішінде 3 мұсылман әйелі, 3 мешіт және медресе Исламофобиядан жапа шекті», «Австралиялық мұсылман әйелін пойыздан лақтырып жіберген», «Исламофобтар қайтыс болған полицей мұсылман әйелінің бейітін қорлады», «Грузияда медресе есігіне шошқаның басын іліп кетіпті», «Венада орамалына бола мұсылман әйелі жапа шекті», «Данияда саясаткер мұсылмандарды Гитлермен салыстырды» және т.б. сынды ақпараттар тізе берсең көп.

Жалпы исламофобияның туындауының сыртқы факторларымен қоса ішкі танымдық факторлары да бар. Діни фанатизм мен теріс таным, жалпылық көзқарасқа қарсы идеялардың туындауынан радикалдылық пайда болады. Ал радикалды әрекеттерге дайын адамнан, қорқыныштысы біріккен жүйелі мақсаты бар топтар мен ұйымнан үрейлену сезімі оянатындығы белгілі.

Ислам діні негізінен жалпы адамзаттық құндылықтарды дәріптейтін, оны дамытуға бағытталған дін екендігі белгілі. Алайда, ішкі танымдық талас-тартыстар мен одан туындайтын фанаттық танымның ықпалымен ислам діні, оның атрибуттары, ұран сөздері, мәдениеті, жалпы ислам дінін ұстанатын қоғам және жеке адамдардың сыртқы көрінісі әлемді үрейде ұстап тұр. Басқа дін өкілдері мен өзі секілді ойламайтын мұсылмандарға деген өшпенділік және қастандық исламофобияның таралуын жылдамдатуда, күшейтуде.

Бұндай үдерістердің алдын алуда толеранттылық сезімі, дін туралы ғылыми таным және зайырлылық ұстанымның ықпалы жоғары. Негізгі мақсат – осы үш ұстанымның ислам дінімен тығыз байланысты екендігін түсіну және қоғамға, әсіресе, радикалдылыққа бейім адамдарға түсіндіру, насихаттау.

Исламнан үрейленбеу керек және келешек ұрпақтың қазақ қоғамының дәстүрлі діні болып табылатын исламның тәрбиелік құндылықтарынан үрейдің әсерімен бас тартуына жол бермеуіміз қажет. Мұндай ұғымдар мен құбылыстарға төтеп беретін ұлттық құндылығымыздан айнымауымыз үшін исламофобияға қарсы нақты әрекеттер жасалуы тиіс.

**Ержас ТҰРСЫНБАЕВ,**
**Қызылорда облысы дін істер басқармасының «Дін мәселелерін зерттеу орталығы» КММ-нің дінтанушы маманы**

## СҰРАҚ-ЖАУАП

### ИСЛАМДА ЕҢБЕКҚОРЛЫҚ ТУРАЛЫ НЕ АЙТЫЛҒАН?

***– ҚМДБ қабылдаған «Жеті рухани қазық» тұғырнамасында еңбек ету туралы не айтылған?***

– Бәрімізге де белгілі, 2019 жылғы қазан айында ІІІ республикалық имамдар форумында «Жеті рухани қазық» Қазақстан мұсылмандарының Рухани Тұғырнамасы тәлімдік құжаты қабылданды. ҚМДБ ғұламалар кеңесі мен ҚМДБ орталық аппараты мәжілісінде бірнеше рет талқылаудан өтіп, қабылдауға ұсынылған осы тарихи құжатта еңбек етудің маңызы туралы арнайы тарау бар.

Тұғырнамада еңбекқорлық – мұсылманның тұла бойында табылуы тиіс негізгі жеті көркем сипаттың бірі ретінде қамтылады. Еңбекқор болу принципін ұстану – адам баласының кісілік келбетін, көркем мінезін қалыптастыруға негіз болатын жеті рухани қазықтың бірі. Осы тұғырнамада еңбекқорлық мынадай жеті сипатта көрініс табады деп көрсетілген:

Еңбексүйгіш, жауапты, бастамашыл, іскер, ұқыпты, майталман, талапты болу.

Ислам – дүние мен ақырет тізгінін тең ұстаған дін. Яғни иман мен еңбек ету, игі іс істеу – бір-бірінен ажырамас ұғым. Қасиетті Құран Кәрімде: «**Намазды оқып болғаннан соң жер бетіне тарап, Алланың нығметінен өздеріңе ризық-несібе іздеңдер. Алланы көп еске алыңдар, табысқа жетерсіңдер**», – деп, құлшылықпен қатар еңбек етуге, адал табыс табуға шақырған *(«Жұма» сүресі, 10-аят)*.

Ислам діні масылдыққа салынуды құптамайды. Адам ата (Алланың оған сәлемі болсын) Алла Тағалаға ғибадат етумен қатар егін егіп, темір ұстасы болып, күнкөріс үшін құрал-сайман жасап еңбектенгені баршамызға аян. Қайыр тілеп өмір сүру – нағыз ұят іс. Алла Тағала ақыл, сана, денсаулық, жігер бергесін адам бала-шағасын өз адал табысымен асырауға қамдануы керек. Шәкәрім бабамыз: «Адамның жақсы өмір сүруіне үш сапа анық бола алады. Олар: адал еңбек, мінсіз ақыл, таза жүрек», – дейді. Хәкім Абай «Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей», – деп, еңбек етуге, адал табыс табуға өсиет еткен.

Адал еңбекпен несібесін айыру – пайғамбарлардың жолы. Еңбек етудің артықшылығын Пайғамбарымыз (Алланың оған сәлемі мен игілігі болсын) да көптеген хадистерінде айрықша атап өткен. Тіпті, табан ақы, маңдай термен табыс табуды Алла жолындағы ерлік іске балаған.

Бірде Пайғамбардың (Алланың оған сәлемі мен игілігі болсын) қасынан бір кісі өтеді. Оның бойындағы қайрат-жігерін байқаған Алла Елшісінің (Алланың оған сәлемі мен игілігі болсын) сахабалары: «Уа, Расулалла! Мына адам Алланың жолында ма?» – деп сұрайды. Сонда Алла Елшісі (Алланың оған сәлемі мен игілігі болсын): «Егер де ол жас балаларына нәпақа табу үшін жолға шықса, Алла жолында. Егер жасы ұлғайған қарт ата-анасының қамы үшін шықса, Алла жолында. Егер өз басын (тіленшіліктен, кедейшіліктен) сақтау үшін шықса, ол Алла жолында…», – деп жауап береді.

Алланың Елшісі Мұхаммед (с.а.с.) табыс табу үшін адал маңдай термен еңбектенуді жақтап, үмбетін адал табыс табуға ынталандырады. Пайғамбарымыз (с.а.с.) өзінің хадистерінің бірінде: ***«Кейбір күнәларға намаз да, ораза да, қажылық та кәффәрат (өтем) бола алмайды. Ондай күнәлар тек адал маңдай термен табыс табу үшін еңбектенгенде ғана кешірілуі мүмкін», –*** деп бұйырған.

Ешбір пенде адал маңдай терімен тапқан табыстан артық ризық-несібеге кенелуі мүмкін емес. Мұхаммед пайғамбар (с.а.с.): ***«Дәуіт пайғамбар (а.с.) да өзі еңбектеніп, тапқан табыспен күнелтетін»*** деп, адамның өз еңбегімен табыс тауып, отбасының күнкөрісін қамтамасыз ететіндерге ілтипат жасайды.

Бірде Алланың Елшісі (с.а.с.) Сағыд ибн Муазбен қол алысып амандасып тұрып, қолдарының күстеніп кеткенін байқайды. Себебін сұрағанда, сахаба отбасын адал еңбегімен асырау үшін еңбектеніп жүргенін айтады. Бұл жауапқа Мұхаммед пайғамбар (с.а.с.): ***«Міне, Алла тағала осындай қолды жақсы көреді»*** деп, досының күстенген қолына ілтипат көрсетеді.

Дін ғұламасы Қожа Ахмет Яссауи өзінің «Диуани хикмет» – «Ақыл кітабы» еңбегінде кісінің ақысын жемеуді, адал еңбек етуді қатты ескертіп тапсырып кеткен. Кімде-кім аянбай жұмыс жасап тер төксе, ол жанның бағы әйтеуір бірде болмаса, бірде жанады.

Жүрегінде иманы бар адам істеген ісінің қиындығына немесе жеңілдігіне, беделділігіне емес, ең алдымен тапқан табысының адалдығына баса мән береді. Қандай адам болмасын, Алла тағала рұқсат еткен шеңберде адал жолмен күнкөрісін қамтамасыз етуі өте маңызды.

Жоғарыда аты аталған «Жеті рухани қазық» тұғырнамасы бізді маңдай тер төгіп, адал ризықпен өмір сүруге шақырады.

**Балғабек МЫРЗАЕВ**

***Дереккөз: kazislam.kz***



# СИРИЯДАН ҚАЙТҚАН КЕЛІНШЕК: «ТУҒАН ЖЕРГЕ ЕШТЕҢЕ ЖЕТПЕЙДІ...»

***Біздің еліміз теріс ағымның ықпалына түсіп, жаза басқан бауырларымыздың қайта қоғамға қосылуы үшін үздіксіз мүмкіндіктер сыйлауда. Әрине, қателеспейтін адам жоқ, барлық адам қателік жасайды. Құранда: «Алла тәубе еткендерді жақсы көреді», – десе («Бақара» сүресі, 222-аят), ардақты Пайғамбарымыз (с.а.с.) хадисінде: «Кімде-кім күн батыстан шықпас бұрын тәубе етсе, Алла оның тәубесін қабыл етеді», – деген. Санасы уланып, жат ағымның жетегінде кеткендерге қолды бір сілтесек те болар еді. Бірақ, ондай жағдайда біздің имандылығымыз бен қазақтығымыз қайда қалады?! Өз ұлтынан безіп, тұманды дінсымақтың жолында адасқан жандарды елімізге кері қайтарып, қазақ қоғамына қайта қосу – бұл ұлы жеңіс деп білемін. Сирияға сән-салтанатты өмір іздеп, нәтижесінде сандалып сан соққандардың қатарында қаракөз қыздарымыз бен абзал азаматтарымыз аз емес.***

«Жусан» операциясымен елге оралған қыз-келіншектердің әрқайсымен жеке-жеке сұхбат жүргізіп, оңалту жұмыстарын жасау үстіндеміз. Мақсатымыз – олардың діни сауатын анықтау, дәріс беру барысында қандай дүниелерге көңіл аудару қажеттілігін бағамдау.

Мен «Ақниет» ақпараттық-насихаттау және оңалту орталығы» қоғамдық қорының Қарағанды қаласы бойынша теологы ретінде оларға ең алдымен, дәстүрлі бағыттағы мәзһаб танымымен, ислам дінінің идеологиясымен және сенім мәселесімен таныстырамын. Дәріс беру барысында түрлі себеппен жалған ағымның жетегінде кетіп, туыстарымен не басқалармен бірге шекара асып, соғыс өртіне тап болған жерлестеріміздің діни сауаттылығы өте төмен екендігін байқадым.

Қаракөздердің өз Отанындағы тыныш өмірді тәрк етуіне тағы да сол діни сауатсыздық себеп болған. Олардың кейбіреуі араб қарпін сәл-пәл танығанымен, жеткілікті діни білімдері жоқ. Ал біреулері ешқандай діни білім алмаған, ол жаққа күйеуімен немесе туыстарымен бірге кеткен. Ол жерде, әрине, діни білім алуға мүмкіндік болмағандықтан, елге сол күйі қайта оралған. Ал біз оларға дінді барынша жеңіл түсіндіруге тырысамыз.

Азаматшалармен жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде олардың теріс әрекетке ілім-білімнің жоқтығынан, жақындарынан қолдау таппай, жылулық сезіне алмағандарынан, қала берді рухани ілімді ғаламтор желілерінде өтірік-шыны белгісіз адамдардан алуларының нәтижесінде ұшырағанына көз жеткіздік.

Отанын тастап, оқ пен оттың алаңынан табылғанына өкінішін білдіріп, басынан өткен қиыншылықтарын күрсіне еске алатындары қаншама?!

*Солардың бірі – Айшаның (есімі ауыстырылды) баяндауынша, ол 10 жыл отасқан жұбайымен ақыры тіл табыса алмай, қарым-қатынастарына сызат түсіп, екі жаққа кеткен. Өз жақындарынан да қолдау таба алмаған жалғыз басты ана жат ағымның жетегінде жүрген бір құрбысынан көмек сұрайды.*

Осылайша түр-түсін білмейтін жат адамнан бар қамқорлықты сезінген екі балалы ана олар не айтса да барлығын айна қатесіз жасауға дайын болады.

Күндердің бір күні сол құрбыларының ықпал етуімен шетелдегі бір азаматқа ойланбастан тұрмысқа шығады. Ислам аясында бақытты ғұмыр кешемін, діни білім аламын деп барған қандасымыз бейбіт күнде қан майданды, қатыгездікті көргенде, соқыр сенімі адастырғанын түсінеді. Осылайша бірнеше жыл қиыншылық пен қорлықтың ортасында өмір сүреді.

Елбасымыздың тапсырмасымен азаматтарымызды елге қайтару мақсатында қолға алынған «Жусан» операциясы туралы хабарды естігендегі толқыныстарын да жасырмайды. Әрқайсы Қазақстан билігінде отырған азаматтарға алғыстарын жеткізеді. «Қазақстаннан адамдар келгенде қатты қуандық, біз елімізді сатып кетсек те, мемлекетіміз бізді далаға тастамады», – дейді ол.

*«Бұл жаққа келерде жасаған қателігіміздің жазасын өтейтінімізді анық білдік. Өзге елде аштықтың азабын тартып, қашан ажал құшатынымызды күтіп жатқаннан, өз елімізде жазамызды өтеген жақсы. Ең бастысы балаларымызды тыныш, бейбіт елге жеткіздік.*

*Бізге мемлекет бар жағдайды жасауда. Түзеу мекемесінде болсақ та, моральды, психологиялық тұрғыдан қолдау көрсетілді. Енді еліміздің бірде-бір азаматы Сирия асып, біз көрген өмірді көрмесе екен деп тілеймін.*

*Себебі, Қазақстанға келгелі көп нәрсенің қадірін білдім. Тіпті, қарапайым ғана еркіндік, тыныш ұйқы мен бір тілім нанның өзі қандай қадірлі?! Сондықтан жастарды адаспауға, өз елінің қадірін білуге шақырамын. Қайда жүрсең де, кім болсаң да, сен тек өз еліңе ғана керексің. Бар бақытты осыннан-ақ табуға болады», – деп өз ұлтына деген ыстық ықыластарын жеткізуде.*

Еліміздегі «Жусан» операциясы өз нәтижесін беріп отыр. Отанымыздың бейбіт өмірі бәрінен қымбат екенін олар жат елде жүргенде-ақ түсінді. Оларды жатсынып, шетке шығару адамгершіліктен алыс. Осындай жағдайларды көзімен көріп келген қыз-келіншектермен жұмыс жасау – біз үшін нәтижелі еңбек.

Бүгінгі бейбіт өмірде сол азаматшаларымызбен жасалған әрбір әрекетіміз, дұрыс бағыттағы тәрбиеміз барша ұлтты тәрбиелеуге қосқан үлесіміз деп сенемін.

**Айткүл ҚҰРМАНТАЙҚЫЗЫ,**
**«Ақниет» ақпараттық-насихаттау және оңалту орталығы» қоғамдық қорының Қарағанды қаласы бойынша өкілдігінің теологі**

# КИЕЛІ ҰЛЫТАУ МЕКЕНІ мен ЖОШЫ ХАН



РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

***Елімізде Алтын Орданың құрылғанына 750 жыл толуына орай Президент Қасым-Жомарт Тоқаев осы датаны мерекелеу аясында Ұлытауды халықаралық деңгейдегі этнографиялық туристік орталық ретінде насихаттай отырып, Жошы ханның есімін ұлықтауды қолға алу қажеттігін жеткізген болатын.***

Президентіміздің бұлайша айтуына негіз жоқ емес. Себебі қазақтың тарихы сонау ерте замандардан бастап тұтастану, бірігу кезеңдерін бастан кешірген. Жошы ұлысының құрамында болып, елдіктің тіреуі болған керей, арғын, қыпшақ және т.б. ру-тайпалар қазіргі қазақ арасында әлі күнге дейін сақталған.

Ұлық Ұлыс дәуірі – біздің көп ғасырлық тарихымыздағы негізгі кезеңдердің бірі: Қазақ хандығы дәл осы жерден бастау алады деп саналады. Алтын Орданың бай тарихы қазақ даласымен тығыз байланысты. Біздің халқымыздың негізін құраған дала мен тайпалар. Дегенмен, қазақстандық қоғамдастықтың, сондай-ақ (әсіресе) шетелдіктердің басым бөлігі Ұлыстың негізін қалаушы Жошы ханның кесенесі бізде, Ұлытауда орналасқанын білмейді. Тарихи деректерді негізге алсақ, Шыңғыс хан қайтыс болар шағында өзіне бағынышты иелігіндегі жерлерді төрт ұлына бөліп берген болатын. Жошының үлкен ұлдары Бату мен Орда-Еженнің еншісіне моңғол иеліктерінің қиыр батысында жатқан Оңтүстік Ресей мен Қазақстанның жерлері тиді. Бату Алтын Орданы басқарса, Орда-Ежен Ақ Орданы биледі.

Осыдан 750 жыл бұрын ежелгі адамдардың саялы мекені болған, күллі қазақ халқының болашағының іргетасы қаланған Талас өзенінің бойында Шағатай, Үгедей мен Жошы әулетінің ханзада-нояндары жиналып, ұлы құрылтай өткізіп, ол тарихымызда «Талас құрылтайы» атауымен қалғаны белгілі.Үгедейдің немересі Қайдудың шақыруымен өткен құрылтайда Жошы ұрпақтары мен Шағатай ұлысының ханзадалары болған еді. Аталмыш үлкен жиында Шыңғыс ханның дәстүрлерін сақтай отырып, көшпелілер мүддесін қорғаған маңызды шешімдер қабылданды. Ал бұлардың ішіндегі ең басты әрі ең маңыздысы, әрбір ұлыс жеке мемлекет болып жарияланды.Талас құрылтайы шешімімен үш ұлыстың шекарасы айқындалды.

Қазақ халқының тарихында Алтын Орда орта ғасырларда едәуір жылдар бойы Еуразия халықтарының өмірінде аса маңызды орын алған және тарихи даму үдерісінде ерекше аталатын мемлекеттердің бірегейі десек қателеспейміз. Күллі Орта Азия халықтарының тарихында өзіндік із қалдырған ірі державаның тарихы мен мәдениеті, қоғамдық-саяси құрылымы туралы мәселелер әлем тарихшыларының ерекше қызығушылығын тудырғанымен, бүгінгі таңда әлі де болса зерттеуді қажет ететін мәселелері бар екендігін атап көрсетуіміз қажет. Жасыратыны жоқ, Алтын Орда тарихы бірнеше жылдар бойы зерттеліп жазылғанымен, көптеген мемлекеттердің және түрлі саяси идеологияның әсерінен біржақты қарастырылған болатын.

Оның ішінде, әсіресе, ерекше бұрмаланған кеңестік тарихнаманы атап көрсетуіміз қажет. Тарихшы Нұртас Талғатжанұлының деректеріне қарағанда, Жошы ұлысының құрылуы моңғолдардың сырт аймақтарға жасаған жаулаушылық жорықтарының нәтижесінде иемденген ұлан-ғайыр территорияның Шыңғыс хан және оның ұрпақтары қатаң сақтаған әулеттік дәстүріне негізделген ұлыстық жүйеге бөлінуінен басталады. Шыңғыс ханның көзі тірісінде моңғол әскерінің орман халықтарын, ұйғырларды, Қара-қидан мемлекетін, Хорезмді, Солтүстік Қытайды бағындыруы есебінен империяның орасан зор аймаққа кеңеюіне байланысты оны бір орталықтан тікелей басқару Қарақорым әкімшілігі үшін аса тиімсіз еді. Ал бұл уақытта жаңадан ғана бағындырылған жерлерді егер тиімді басқармайтын болса, онда ол аймақтардағы моңғол билігінің уысынан оңай шығатыны да белгілі еді.

Сондықтан орасан зор аймақты алып жатқан империяны сақтап қалудың жалғыз жолы – ұлысты жүйеге бөлініс арқылы басқару болған.Тарихымызға зер салсақ, Алтын Орда атауы XIII ғасырдың аяғы мен XIV ғасырдың басында алғаш рет Рашид ад-Диннің деректерінде кездеседі екен. Дегенмен кейбір парсы тарихшылары Алтын Орданың негізін қалаушы ретінде Шыңғыс ханды көрсетеді. Орыс зерттеушілерінің бірқатары моңғолдарды бөтеннің жерін күштеп тартып алушы, басқыншыл, жабайы -варварлық негіздегі тайпалар ретінде сипаттап, Алтын Орданы кереғар жағынан танытуға барынша күш салған.

Олардың қатарында В.Н.Татищев, М.М.Щербатов, П.И.Рычков, А.Н.Голицын болған еді. Сондықтан да орыс зерттеушілерінің деректеріне толыққанды сеніммен қарауға да болмайды.Ресей мемлекетінің іргелі ел ретінде қалыптасуына Алтын Орданың тарихын әсте жоққа шығара алмаймыз. Бұл деректі мойындаған тарихшылар да болған еді. Мысалы, тарихшы Н.М.Карамзин пікірінше, моңғол шапқыншылығынан кейінгі Алтын Орда билігі дәуірінде бірнеше князьдыққа бөлінген Русь жерінің өзара алауыздықтары мен талас-тартыстары тоқтатылып, кейіннен князьдардың билігі күшейіп, мемлекеттің негізі қаланғандығын жазған.Орыс зерттеушілерінің еңбектерінің дені Алтын Орда XVI ғасырда ыдырауға ұшыраған соң, Жошы ұлысының бір атауы ретінде қолданыла бастағандығын алға тартып, мемлекеттің тарихи дамуына сәйкес Жошы ұлысы, Қыпшақ хандығы ретінде аталатындығын көрсетіп келген.

Сондай-ақ көшпелілер дағдарысының басталуы мен дамуының ең биік нүктесі, шамасы, өзінің гүлдену дәуірінде Алтын Орда болған. Содан кейін оның азабы басталады: Орданың хандары үнемі бір-бірімен соғысып, көршілердің үйлерін қиратып, мал мен адамдарды ұрлап кетеді. Шексіз қақтығыстардан шаршап, князьдері бастаған бүкіл рулар тыныш қалаларға кетеді. Көптеген алтынордалық мурзалар Мәскеуге, Тверге, Смоленскке көшіп, жаңа фамилияларды бастады: Чаадаев, Тимирязев, Тургенев және т.б. мыңдаған көшпенділер Кавказға, Египетке, Иранға барып, сонда мәңгі қалды. Көшпелі шаруашылық жүргізу жүйесі, тұтас өмір салты қатты сынуды бастан кешірді. Бұл дағдарыстың ең айқын көрінісі көшпенділердің өздері – Тимур мен Тоқтамыс, Тимур мен Баязид, ноғай мен тоқтай арасындағы шексіз соғыстар болды. Бұл мемлекеттік ұйымдастыру жүйесі мен көшпенділердің шаруашылық өмірінің айқын дағдарысы болды. Бір кездері қуатты Алтын Орданың ыдырауы отырықшы және көшпелі халықтардың жаңа мемлекеттерінің құрылуына әкелді. Мысалы, XV-XVI ғғ.қазақ хандығының және біраз уақыттан кейін Ойрато-Жоңғар хандықтарының - жойылып бара жатқан көшпенділер өркениетінің соңғы және ең қуатты мемлекеттерінің қалыптасуы жүріп жатыр.

Негізінен жалпы Алтын Орданың тарихында жорықтардың қасіреті аса ауыр болды. Алтын Орда жүйелі түрде талқандалып, саяси және экономикалық күш-қуатының әлсіреуімен қатар, державаның ыдырауының алғышартын жасаған еді. Осылайша, ғасырлар бойы Еуразия даласында құрылған күш-қуатты және халықаралық саясатта аса үлкен рөл атқарған Алтын Орда мемлекеті біртіндеп әлсіреп, ықпалынан айырылғанымен, қазақ халқының қалыптасуына негіз қалаған болатын.

Шыңғысханның ұлдарының алғашқысы, батыл жауынгер, қолбасшы – Жошы немесе қазақ халқы оны Жошы хан деп атайды. Ол көп ұзамай Шыңғысханның үлкен әйелі Бөрте тұтқынынан оралған кезде дүниеге келген. Жошының балалық шағы мен жастық шағы туралы мәліметтер аз сақталған. Бүгінде біздің кейбір отандасымыз бен шетелдік жұртшылық елімізде Жошы хан кесенесінің бар екенін білмейді. Біздің ендігі борышымыз – қазақ тарихын, оның ішінде Жошы ханды таныту.

**Әсем ЖАНТАСОВА,**
**№1 жалпы орта білім беретін мектептің тарих пәні мұғалімі**

# ЖАҢА ЖЫЛҒА БАЗАРЛЫҚ

***– Ал, кірпітай, сен енді ең қымбатты нәрсеңмен кіммен бөлісіп, кіммен бөліспеу керектігін білетін болдың. Есіңде болсын: нағыз дос қиындықта танылады. Кім қол ұшын берсе – сол нағыз дос, – деген ертегішінің сөзімен әсерлі спектакль шымылдығы жабылды.***



Бұл – таяуда көркемдік кеңеске қабылданып, қуыршақ труппасы репертуарына енген Денис Смирновтың «Колючая шубка» пьесасы бойынша қойылған «Кірпітайдың тоны» спектаклінен келтірілген үзінді. Спектакльді қойған Нұр-Сұлтан қаласындағы М.Горький атындағы мемлекеттік академиялық орыс драма театрының бас режиссері, Ленинградтың қуыршақ мектебінің түлегі, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Бекболат Парманов, қоюшы-суретшісі Ақтөбе «Алақай» облыстық қуыршақ театрының директоры, белгілі сценограф, Мәдениет қайраткері Әсия Құрманалина, композиторы Али Ермекбаев.

Биыл С.Қожамқұлов театрының қуыршақ труппасының шаңырақ көтергеніне 35 жыл толды. 1985 жылы Жезқазған облыстық қуыршақ театры болып кішкентай бүлдіршіндерге есігін айқара ашты. Құрылған кезінен бастап бүлдіршіндердің бірнеше толқынын тағылымдық, танымдық қойылымдармен тәрбиелеп шығарған өнер шаңырағы Жезқазған облысы жабылған соң, 1998 жылы труппа ретінде С.Қожамқұлов театры құрамына енген еді.Содан бері екі ұжым бір шаңырақ астында ынтымақтаса еңбек етіп келеді.

Атаулы мерекені лайықты қарсы алуға жоспарланған шаралардың бірі – арнайы режиссер шақырып, заманауи үлгідегі спектакль қою болатын. Осыған орай қуыршақ спектакльдерінің білгірі, елімізде ғана емес, режиссерлік қолтаңбасымен алыс-жақын шетелдерге де жақсы танымал режиссер Бекболат Парманов арнайы шақырылды. Бекболат Саттарұлы аз уақыт ішінде жоғарыда аталған спектакльді орысша-қазақша екі тілде дайындап шығарып, көркемдік кеңес талқысына ұсынды.

Режиссердің шешімі бойынша спектакль оқиғасы айналмалы дөңгелек үстел үстінде өтеді. Барлық оқиғаның «дирижері» – ортада тұрған ертегіші (Г.Молдабергенова). Оқиға кішкентай кірпінің тонын қоянға уақытша бере тұрумен басталады. Қолдан-қолға өтіп, әбден тозығы жетіп, жыртылған тон соңында кірпінің қолына тиеді. Жабырқап, не істерін білмеген кірпіге ертегіші көмекке келіп, жыртық тонды қалпына келтіріп береді.Кішкентай бүлдіршіндер үшін тәрбиелік мәні зор қойылым әдемі қуыршақтар, әсерлі музыка, шебер актерлік ойын арқылы тартымды шыққан.

Бұл ретті кәсіби режиссердің қолтаңбасы айқын аңғарылады. Ол қуыршақтардың қимыл-қозғалысы мен актерлердің әрекетін орынды үйлестіре білген. Қуыршақтар да, қуыршақты ойнатып жүрген актерлер де оқиға желісімен әрекет етіп, бір-бірімен біте қайнасып кеткендей әсер қалдырады.Қай кейіпкер болса да – кірпі (З.Тұрсымұратова, И.Федосенко), қоян (Г.Асылбекова, С.Тихонова), түлкі (Р.Исмайлова,Л. Бәйдешова), қасқыр (Г.Асылбекова,Ж.Кәменов), аю (Ж.Кәменов, С.Тихонова), әтеш (Ж.Кәменов), тауық (З.Тұрсымұратова, И.Федосенко), ит (Ж.Кәменов,С.Тихонова), қой (Г.Молдабергенова) өзіндік мінез-құлқы, сөз мәнері бар, жеке-жеке образ болып шыққан. Бұл ретте режиссердің қуыршақ пен оны ойнатушы актердің сыртқы келбеті мен характері жағынан ұқсастық табуға тырысқаны айқын байқалады және ол әдіс орынды қоданылған.

Қуыршақ механикасының инженері Жұмабай Сәрсенов, бутафорлар Бейсенкүл Калекен, Ақмарал Қозыбаева, реквизитор Гүлнар Қабылова, жарық беруші Күлән Бәйдешова, музыкамен көркемдеген Сәлімжан Өкеш және қажетті құрал-жабдықпен дер кезінде қамтамасыз еткен көркемдік қойылым бөлімінің меңгерушісі Ботагөз Кедельбаева, труппа меңгерушісі Ұлболсын Байысбек және т.б. спектакльдің тартымды шығуына көп күш салған.

Қысқасы, режиссер Б.Парманов, қуыршақ труппасы қызметкерлері мен әртістерінің шығармашылық шабытынан туған «Кірпітайдың тоны» спектаклі өзінің сүйікті көрермендерін күтуде.

**Үмітай МОЛДАБЕРГЕН,**
**С. Қожамқұлов атындағы қазақ музыкалық-драма театрының әдебиет бөлімі меңгерушісі**

# БАҒДАРЫ АНЫҚ БІЛІМ ОРДАСЫ

***№11 орта мектептің ашылғанына 20 жыл***



*Тарихы 2001 жылдан бастау алатын №11 орта мектептің оқушыларға есігін айқара ашқанына биыл 20 жыл толып отыр. Қойнауында талай тарихты бүгіп жатқан білім ордасы осы жылдар ішінде мыңдаған шәкірттің жүрегіне нұр құйып, түлетіп ұшырды. Өркендеу жолында талай қиындық пен табысты сәттерді өткерген шежірелі мектепке бүгінгі таңда Балқия Рахимбекқызы БАЙТАСОВА басшылық етеді.*

Жезқазған қаласының сол кездегі әкімі Жұмәмәди Ибадилдиннің қатысуымен 2001 жылдың 10 қаңтарында мектептің тұсауын кесілді. Мөлтек аудандарындағы №13, №22, №5 мектептерде бала санының көптігі ескеріліп, жаңадан ашылған білім ошағына сынып комплектерін жинақтап 505 оқушы, 50 мұғалім қамтамасыз етіліп , жабдықталып базалық жүйесі ашылды.

Біздің мектеп білім жүйесін жақсартуға қойып отырған талаптар үрдісінен шығып келеді. 2001-2010 жылдарға арналған «Тілдерді қолдану мен дамытудың» он жылдық мемлекеттік бағдарламасы және мемлекет басшысының бастамасы бойынша «Тілдің үш тұғырлығы» ұлттық мәдени жобасын іске асыруға үлес қосқан мектеп ұжымы талай белестерді бағындырып үлгерді. Өзін-өзі тану пәнін енгізуде ең алғаш осы мектепте эксперименттік алаң құрылып, облыстық семинар өткізіліп, озық тәжірибені таратуға ұсыныс жасалды.

Өткенсіз бүгін жоқ. Ендеше өткен күндерге зер салып, мектепті қалыптастыруға қосқаны қомақты тұлғаларды атамасақ болмас. 2009-2013 жылдары Жағалбай Нурулдайұлы мектепке басшылық етіп, тынымсыз еңбегінің арқасында мектеп тарихында өз қолтаңбасын қалдырды. Санаға ақыл ұялатып, арманды алдан қиялататын, өмірді ұғынуына себеп, тірлікке кіруіне көмек болатын, әр шәкіртін аялап, мейірім шуағын аямайтын, бала жүрегінде тұлғалық табиғатын мәңгілік қалдыратын ұстаздар есімі де ардақты. Рая Қонысбаева, Гүлманат Мұқанова, Айтжан Жаппасова, Ләззат Күнеділова, Сандуғаш Миржакупова мектеп басшысы Күләш Рахымқызының басшылығымен жаңалықтың жаршысы бола білді. Қазақ тілі пәні мұғалімі Рахимаш Жолдыбаева, орыс тілі пәні мұғалімі Тоты Жумадилдинова, математика пәні мұғалімі Сапаркүл Танабаева, физика пәні мұғалімі Анар Көшербаева тарих пәні мұғалімі Гүлнар Қуанбекова, химия пәні мұғалімі Бегайым Шертаеваның еңбегі облысқа ғана емес, республикаға да танылды. Бастауыш сынып мұғалімдері Сая Рахымбекова, Мира Сағындықова, Дидар Асқарова, Алтын Абдыкалыкова, Гүлжахан Биданова, Зина Байгабулова, Ділда Өтеубаева, Жауһар Карахметова, Гүлмира Сердалинова – «білім негізі бастауышта» қағидасын ұстанғандар.

Білім ордасына рухани демеу беріп, бағыт сілтеп, өз ғұмырын бала тәрбиесіне арнап келе жатқан Балқия Байтасова директорлық қызметке 2014 жылдың қарашасында келді. Жаңашыл іскер басшының педагогикалық әкімшілік міндеттері мен мәселелерді шешуде мамандарды дұрыс таңдап, олардың міндеттерін айқындай білуі оң нәтижесін көрсетті.

Бүгінгі күнде мектебімізде педагогтердің сапалық құрамын арттыру білім сапасын арттырудың басты негізі болып табылады. Ұжымда 727 оқушыға 55 жоғары білімді, 11 орта білімді, 5 магистр мұғалімдер білім беруде. Педагогтердің біліктілік санаты бойынша 4 жоғары санатты, 6 бірінші санатты, 5 педагог-зерттеуші, 7 педагог-сарапшы, 20 педагог-мадератор бар. Ұстаздардың терең білім беруінің арқасында шәкірттеріміз қалалық, облыстық , халықаралық деңгейдегі жүлделі орындарын иеленіп жүр. Бұл ұстаздар еңбегінің жемісі.

Жаңартылған білім мазмұны бойынша қалалық, облыстық, республикалық деңгейде ұйымдастырылған іс-шараларға қатысып, өздерінің білімдері мен біліктіліктерін арттыратын ұстаздар қауымы да жетістіксіз емес. Шығармашыл ұстаз Жаннұр Жұмабекова қала әкімінің «Жаңашыл педагог» номинациясының жеңімпазы атанды. Математика, физика және информатика пәндері мұғалімдерінің ашық республикалық шығармашылық байқауының облыстық кезеңінен Жанат Бақтыбекова жүлдегер атанса, Қарағанды облысының математика мұғалімдері форумында Ақбота Тайгараева жүлде салды. «Абай Құнанбаевтың 175 жылдығына арналған Абай мұрасы – халық қазынасы» атты облыстық қарасөз бейнеоқу байқауында Гауһар Сиязбаева II орынды жеңіп алды.

Дарынды оқушылардың жұмысын жүйелі жүргізу үшін «Даналық» қоғамы құрылды. Талантты оқушылармен жұмысты ұйымдастыруда «Сарыарқа» ғылыми-зерттеу орталығымен байланысып, оқушылардың ғылыми ізденушілігіне жағдай жасалуда. Оқушы бойына ұлттық құндылықтарды қалыптастыру мақсатында «Өнеге» әжелер мектебі, «Ұлағат» әкелер мектебі жұмыс жасайды. Патриоттық тәрбие беру мен кәсіби бағдарлау мақсатында «Өнегелі өмір», «Зейін» жобалары жүзеге асырылуда. Сонымен бірге мұғалімдердің арасында ынтымақтастықты және кәсіби біліктілікті арттыру жолында «Игі қадам» педагогикалық қоғамдастық бірлестігі құрылды. «LESSON STUDY» сабақты зерттеу тобы жаңартылған білім беру мазмұнындағы белсенді әдіс-тәсілдерді тәжірибелеріне жүйелі енгізіп, қала көлемінде іс-тәжірибелерін таратуда. «Назарбаев зияткерлік мектебі» тәжірибесімен алмаса отырып, оқушыларды болашақта мамандық таңдауға бағдарлау, ата-ана мен мектеп арасында байланыс орнатуды мақсат еткен түрлі мазмұндағы шаралар өткізіледі.

Жалпы білім беру пәндері бойынша олимпиадаларда топ жарған шәкірттер ұстаз үмітін ақтап, түрлі олимпиадалар мен байқаулардан жүлделі оралып жүр. 2019-2020 оқу жылында облыстық ғылыми жобалар байқауында 9 «Б» сынып оқушысы Аяжан Ермекбаева III орын иеленді. Облыстық «Бір отбасы – бір кітап» акциясы аясында Абай аудармалары бойынша 6 «А» сынып оқушысы Сәния Орашеваның отбасы облысқа жолдама алды.

Ұжым мен шәкірттердің жеткен жетістіктері, шыққан биіктері, атқарған игі істері әлі де өз жалғасын таппақ. Жиырма жылдық тарихы бар мектеп ұжымы еселі еңбегінің арқасында білім көкжиегінің ең биігінен көретініне сенім мол.

**Әсем АХМЕТОВА,**
**№11 жалпы білім беретін орта мектептің қазақ тілі мен әбедиеті пәні мұғалімі**

# ЕРЕКШЕ КӨРМЕ

***отбасындағы бақытты паш етті***

***Мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік ортаға қосып, оларды қоғамда өмір сүруге бейімдеу – бүгінгі күннің басты мәселесі. Сондықтан, ерекше қажеттілігі бар жандарды өз проблемасымен қалдырмау мақсатында елімізде түрлі қолдау шаралары ұйымдастырылуда. Қазір мүгедектігіне қарамастан балалардың білім алуына, мамандық иесі атанып, жұмысқа араласуына, қоғамдық өмірге қатысуға зор мүмкіндіктер жасалған. Қолдауды сезінген олар да қайтарым жасауға тырысады. Жезқазған қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің ұйымдастыруымен өткен «Менің отбасымдағы жаңа жыл» көрмесі балалардың құлшынысын айқын байқатты.***

Көрмеге қойылған фотосуреттерде отбасындағы жылы қарым-қатынас пен махаббаттың лебі есіп тұрды. Балалардың жүзіндегі күлкіден-ақ тағдыр қиыншылығына қарамастан отбасы бақытты екенін аңғаруға болады.

– Денсаулығындағы кінәрат балаларға қоғамның толыққанды мүшесі болуға кедергі емес. Біздің балалар шетінен білімді әрі талантты. Олардың қолынан бәрі де келеді. Ән де салады, би де билейді, бояуларды сөйлетіп, бес саусағынан өнер тамған. Қаланың қоғамдық өміріне де белсенділікпен атсалысады, – деген қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің кеңесшісі Гүлсара Нақыпбекова фотокөрмеге қатысқан ата-аналар мен балаларға алғысын білдіріп, Еркін Кенжеғараұлымен бірге кәсіподақ атынан естелік сыйлықтарын табыстады.

Бүгінде Жезқазған қаласында ерекше көңілді қажет ететін 145 балаға тиісті деңгейде қызмет көрсетіп жүрген 10 әлеуметтік қызметкер мен Ләйлә Әлкебаева бастаған қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі ұжымына ризашылығын жеткізген аналар Назым Айтқұлова мен Айгүл Қойайдарова бауыр еті балалары осындай шараларға қатысу арқылы өздерін жаңа қырынан ашып, дос табатынын, ойы бөлініп, өмір сүруге деген ұмтылысы артатынын жасырмады.

**Өз тілшіміз**

## ЭКОСОФИЯ

### *Күдірдің теңбіл таңбасы*

Ертеде Алтай тауында бір шал мен кемпір тұрыпты. Олардың жалғыз сиыры болыпты. Кемпір сиырын сауып, сүтін қазанға құйып, далаға қойып кетеді екен. Бір күні түнде олардың ауласына күдір келеді. Ол қатты шөлдеп келе жаткан еді. Қазандағы сүтті көріп, қанғанынша ішіп кетеді.

Кемпір азанда тұрса, сүтін біреу ішіп кетіпті. Кім екенін таба алмайды. Ертесіне оқиға тағы қайталанады. Үшінші күні де кемпірдің сүті азаяды. Шал бір қулыққа көшеді. Түнде қазанды биік бағанаға іліп қояды. Күдір келіп қараса, қазан биікте тұр екен. Ол екі аяғын көтеріп, қазанға ұмтылады. Қазан шайқалып, ішіндегі сүт күдірдің үстіне құйылады. Денесі сүтке малынып, ол қаша жөнеледі. Терісін ағашқа бір, тасқа бір сүйкеп, сүттің жағалын кетірмек болады. Бірақ қанша сүйкесе де, денесінде ақ теңбілдер қалып қойыпты. Әліге дейін терісін ағашқа сүйкеп тұрады деседі. Көбіне күндіз керінуден ұялып, тек түнде жүреді екен.

Әлемдегі ең қымбат иіссуды күдірдің кіндігінен алады.

*(«Экософия немесе киелі табиғат» кітабынан)*